**БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ**

**2018 жылдың 14-15 мамырдың 6М020600 - «Дінтану» білім беру бағдарламасын мамандандырылған аккредитация аясында ұйымның өзін-өзі бағалау есебін оқу және аудит нәтижесі негізінде білім берудің сапасын қамтамасыз етудің тәуелсіз агенттігі эксперттік тобының**

**«НҰР-МҮБАРАК» ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ**

**ӨТКІЗІЛГЕН СЫРТҚЫ АУДИТІ БОЙЫНША ЕСЕБІ**

Алматы, 2018 жыл

**Сараптамалық топ құрамы**



**Тышхан Кеңшілік**
**Топ жетекшісі**
философия ғылымының кандидаты, Дінтану кафедрасының меңгерушісі, Л.Н.Гумилев атындағы Евразиялық ұлттық университеті



**Patrik Laude**
**Халықаралық эксперт**
Professor of Comparative Religion Georgetown University



**Ражиа Али Махмуд Таха**
**Халықаралық эксперт**
Египет Араб Республикасының аккредитация және білім сапасын қамсыздандыру Улттық комиссияның вице-президенті



**Маханбет Құлмухаммад Пірманұлы**
**Жұмыс берушілер өкілі**
«Абу Ханифа» медресе-колледжінің директоры Алматы қ.



**Тунгатова Улжан Аскарбаевна**
**Студенттер өкілі**
әль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 6D020600 – Діңтану мамандығының 1-ші курс докторанты

Отчет по внешнему аудиту НКАОКО-IQAA

**Уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел образовательной программы 6М020600 – Религиоведение в Египетском университете исламской культуры "Нур-Мубарак" по каждому стандарту**

| Стандарты | Отметьте уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел в вузе для каждого стандарта | | | |
|---|---|---|---|---|
| | соответствует | соответствует с небольшими замечаниями | соответствует с замечаниями | не соответствует |
| *Стандарт 1* Цели образовательных программ и политика в области обеспечения качества | | + | | |
| *Стандарт 2* Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией | | + | | |
| *Стандарт 3* Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка | | + | | |
| *Стандарт 4* Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация | + | | | |
| *Стандарт 5* Профессорско-преподавательский состав | + | | | |
| *Стандарт 6* Учебные ресурсы и поддержка студентов | + | | | |
| *Стандарт 7* Информирование общественности | | + | | |

| Стандарты | Отметьте уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел в вузе для каждого стандарта | | | |
|---|---|---|---|---|
| | соответствует | соответствует с небольшими замечаниями | соответствует с замечаниями | не соответствует |
| *Стандарт 1*<br>Цели образовательных программ и политика в области обеспечения качества | | + | | |
| *Стандарт 2*<br>Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией | | + | | |
| *Стандарт 3*<br>Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка | | | + | |
| *Стандарт 4*<br>Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация | + | | | |
| *Стандарт 5*<br>Профессорско-преподавательский состав | + | | | |
| *Стандарт 6*<br>Учебные ресурсы и поддержка студентов | + | | | |
| *Стандарт 7*<br>Информирование общественности | | + | | |

**Ескерту:** Аккредитациялық Кеңес шешімі негізінде 3-ші стандарт бойынша «Аздаған ескертулермен сәйкестендірілген» деген баға «Ескертулермен сәйкестендірілген» бағаға ауыстырылған. 09.06.2018 г. Аккредитациялық Кеңес отырысының хаттамасынан.

# МАЗМҰНЫ

**ТАРАУ 1 КОНТЕКСТ ПЕН АУДИТ МАҚСАТЫ**
Кіріспе………………………………………………………………… 6
ЖОО-ның негізгі сипаттамасы ………………………………………… 7
**ТАРАУ 2** Сарапшылар тобының сыртқы аудит туралы есебі
Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандарттарымен сәйкестігі
Кіріспе……………………………………………………………… 8
*Стандарт* 1
Білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты ........................................................................ 10
*Стандарт* 2
Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару..... 12
*Стандарт* 3
Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау …........... 17
*Стандарт* 4
Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау ………………. 20
Стандарт 5
Профессор-оқытушылар құрамы ………………………………….......... 25
*Стандарт* 6
Оқу ресурстары және студенттерді қолдау ……………………………..……. 29
*Стандарт* 7
Жұртшылықты ақпараттандыру ……………………………………………….. 32
**ТАРАУ 3**
**ҚОРЫТЫНДЫ**……………………………………………………………… 34
**ҚОСЫМША**
*Қосымша 1*
Сыртқы аудит бағдарламасы………………………………………………… 26
*Қосымша 2*
Сұхбатқа қатысушылардың тізімі……………………………………… 38

# 1ТАРАУ

# КОНТЕКСТ ПЕН АУДИТ МАҚСАТЫ

**Кіріспе**

«Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университетінде 2018 жылдың 14-15 мамыр күндері 6М020600 – Дінтану білім беру бағдарламасын мамандырылған аккредиттеуден өткізу сыртқы аудиті өткізілді.

Эксперттік топтың жұмысы БСҚА бағдарламасы негізінде атқарылды. Аудит басталмастан бұрын, барлық экперттік топтың мүшелері іс-шараны сауатты өткізуге көмектесетін, тұтастай жұмысқа қажетті материалдармен (тексеріс бағдарламасы, университеттің білім беру бағдарламаларын өзін-өзі бағалау есебі, мамандандырылған сыртқы аккредитттеуді ұйымдастыру бойынша басшылық, эксперттің ар-намыс Кодексі) қамтамасыз етілді.

«Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің басшылығымен – ректоры, профессор Жуда Абдулғани Басюнимен кездесуді ұйымдастыру эксперттік топқа мекеменің жалпы қалпымен, ЖОО-ның соңғы жылдардағы жетістіктерімен және болашақтағы жоспарларымен толық танысуға мүмкіндік берді. Сыртқы аудит бағдарлама бойынша жүргізілді. Аталмыш аудит кезінде өткізілген іс-шара барысында эксперттік топ университет құрамы жайлы едәуір толық ақпарат пен мағлұмат алуға мүмкіндік алды.

6М020600 – Дінтану білім беру бағдарламасы (БББ) бойынша беттік көлемдегі өзін-өзі бағалау есебі эксперттік топ құрамына білім беру мекемесіне сыртқы аудит өткізу мерзімінен бұрын берілген. Есеп кіріспеден, өзін-өзі бағалау рәсімінің нәтижесінен және қорытындыдан тұрады. 6М020600 – Дінтану білім беру бағдарламасы бойынша өзін-өзі бағалау есебі сарапшыларға БСҚА мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу критерилері мен стандарттарына сай алдын ала аталмыш білім беру бағдарламасы туралы пікір жасауға мүмкіндік алды.

Аудит өткізу барысында эксперттік топ ЖОО басшылығы (ректор, профессор Жуда Абдулғани Басюни, университет проректоры, профессор Керим Ш.Т.) мен әкімшілік құраммен, кафедра меңгерушілері мен ПОҚ-пен, студенттер мен жұмыс берушілермен және түлектермен біршама кездесу мен сұхбат өткізді. Жалпылай алғанда, жоо-ның кездесу өткізу кезіндегі және құжаттарды зерттеу барысында, эксперттік топтың кафедралар мен аудиторияларды, кітапханалар мен компьютерлік сыныптарды, жатақханалар мен қолдау қызметтері сияқты жерлерді қарау барысында аккредитеуден өтетін бағдарлама туралы, оны орындау мен мазмұны туралы, құрылымы мен қоры және басқаруы туралы едәуір толық ақпарат пен мағлұмат алуға мүмкіндік алды.

## ЖОО-ның негізгі сипаттамалары

1993 жылы 16 маусымда Н.Назарбаев пен ЕАР Уақыфтар министрі Мұхамед әл-Махжубтың университет қалашығының алғашқы тасын қалау рәсімі өтті. Екі ел басшыларының келісімімен университет Нұр-Мүбарак деп аталды.

Оқу орны ҚР-ның заңдары мен екі ел үкіметтерінің университетке байланысты келісімі және өз жарғысы негізінде жұмыс атқара бастады. Университетке жалпы басшылық ету мен оның екі жақты қызметін үйлестіруші Қамқорлар кеңесі құрылған. Қамқорлар алқасының шешімімен университет жарғысы белгіленіп, ЖОО-ның басшылығын тағайындау бойынша ректор ЕАР-ның азаматы, проректор ҚР-ның азаматы болуы шарт етілді. Алқа келісімімен университет ректорлығына академик, профессор Махмұд Фахми Хижази, проректоры болып филология ғылымдарының докторы, профессор Шамшәдин Керім тағайындалды. ҚР тарапынан 9, ЕАР-нан 7 адам мүшелік еткен кеңес құзіретіне қаржы, мәдени, білім беру саясатын қалыптастыру туралы мәселелер кірді.

Нұр-Мүбарак ЕИМУ 2001 жылдың 1 қыркүйегінен бастап студенттерге дәріс бере бастады. Білім жолындағы қос мемлекет басшыларының келісімі ҚР Парламентінде ратификацияланып, 2003 жылы 2 шілдеде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жарғысымен күшіне енді.

Қазақстан және ЕАР Қамқорлар Кеңесінің шешімімен 2014 жылы тамыз айында Нұр-Мүбарак ЕИМУ-іне жаңа ректор тағайындалды. Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің ректоры профессор Жуда Абдулғани Басюни – ірі ислам ойшылы, ислам шариғатының көрнекті ғалымы.

Нұр-Мүбарак ЕИМУ-не 2010 жылдың 29 қыркүйегінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білім аясында білім беру қызметін жүргізу құқығы бойынша мерзімі шектеусіз ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тарапынан АБ сериясының № 0137466 мемлекеттік лицензиясы берілді.

Нұр-Мүбарак ЕИМУ Дінтану БББ 2003 жылы қысқартылған бағдарлама негізінде ашылған болатын. Алғашында құрылымдық, кадрлық мәселелерге байланысты, мамандық Жаратылыстану және гуманитарлық пәндер кафедра құрамында жұмыс жасап келді. Дінтану кафедрасы өз алдына дербес болып 2011 жылы бөлініп шықты.

2017 жылы Дінтану БББ жоспарлы мемлекеттік аттестациядан 2015 жылы университет БСҚТҚА агенттігінде институционалдық аккредитациядан өткен.

Университеттің мекен-жайы:
001000 Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
әл-Фараби даңғылы, 73
тел.: 8(7272) 302-09-45, факс: 8(7272) 302-09-30
Эл.пошта: nur-mubarak 2001@mail.ru
Сайт: www.nmu.kz

## 2 ТАРАУ САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

### Кіріспе

Нұр-Мүбарак ЕИМУ-не 2010 жылдың 29 қыркүйегінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білім аясында білім беру қызметін жүргізу құқығы бойынша мерзімі шектеусіз ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тарапынан АБ сериясының № 0137466 мемлекеттік лицензиясы берілген. Осы құжаттың негізінде 6М020600-Дінтану мамандығы бойынша магистрлар даярлайды.

6М020600-«Дінтану» БББ-ның мақсаттары Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің миссиясы мен «2017-2020 жылдарға арналған даму стратегиясына» сәйкес жүзеге асады.

6М020600-«Дінтану» БББ бойынша «Дінтану» кафедрасы – мамандық шығарушы кафедра. «Дінтану» кафедрасы ҚР МЖББС негізінде (ҚР Үкіметінің 23.06.12ж. №1080 бұйрығымен (13.05.16ж. №292 өзгертулер мен толықтырулар), Үлгілік оқу жоспарына (ҚР БжҒМ 16.08.13ж. №343 бұйрығындағы (өзгертулер мен толықтырулар 05.07.2016ж. №425 бұйрығы) және Нормативті-құқықтық актілеріне (ҚР БжҒМ «Кредиттік технология бойынша оқу процесін ұйымдастыру Тәртібі туралы» №152 20.04.2012 бұйрығы (өзгертулер мен толықтырулар 28.01.2016 №90) сәйкес 6М020600-«Дінтану» БББ-ын жүзеге асырады.

Білім алушылардың контингенті төмендегідей:

| **Оқу жылы** | **Жалпы магистрантар саны** | **Грант** | **Ақылы** |
|---|---|---|---|
| 2013-2014 | 7 | 4 | 3 |
| 2014-2015 | 7 | - | 7 |
| 2015-2016 | 15 | - | 15 |
| 2016-2017 | 13 | - | 13 |
| 2017-2018 | 17 | 5 | 12 |

Дінтану кафедрасы Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Қазіргі таңда кафедраның оқытушы-профессорлық құрамы – 12 штаттан құралған (оның 1-і штаттан тыс). Оның ішінде ғылым докторлары – 3 (оның 1-і штаттан тыс), ғылым кандидаттары – 3, PhD, қауымдастырылған профессор – 2, PhD докторы – 1, магистр оқытушы – 3.

Кафедраны 2011/2012 оқу жылынан 2014/2015 оқу жылына дейін жас ғалым, Ханафи мазһабын зерттеуші, бірнеше кітаптар мен монографиялардың авторы, теология ғылымдарының докторы PhD, қауымдастырылған профессор А.Ш.Әділбаев басқарып келді. 2014/2015 оқу жылынан бастап дінтану кафедрасын PhD, қауымдастырылған профессор Қ.С.Ержан басқарып келеді.

Кафедраның оқу үрдісі ҚР БҒМ «Кредиттік технология бойынша оқу процесін ұйымдастыру Тәртібі туралы» №152 2012 жылдың 20 сәуіріндегі бұйрығымен (өзгертулер мен толықтырулар 28.01.2016 № 90) жүзеге асырылып жатқан кредиттік білім беру жүйесі ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Барлық оқытушылардың ҚР жоғары оқу орындарында алған базалық білімдері бар, еңбек келісімшарттары негізінде қызмет істейді. Ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуал жақсы, шығармашылықпен жұмыс жасап, магистранттармен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік бар.

Сарапшылар тарапынан бағдарламаның құрылымын, мазмұнын, мақсат-міндеттері мен миссиясын, ПОҚ біліктілігі мен студенттер білімінің нәтижелілігін, материалдық-техникалық базасын, жұмыс берушілермен, практика базасымен байланысты қамтыған ББ – ның құжаттарына сараптама жүргізілді.

ЖОО басшыларымен, декан, кафедра меңгерушілерімен, профессор-оқытушы құрамымен, студенттермен, түлектермен және жұмыс берушілермен сұхбат жүргізілді. Сұхбат нәтижесінде жалпы 6М020600-Дінтану білім беру бағдарламасының жүзеге асырылуына қанағаттану деңгейі байқалды.

Аудит кезінде жалпы оқу корпусы, кітапхана қоры, жатақхана, іс-тәжірибе базасы, асхана, спорт зал, медпункт, тіркеу бөлімі, оқу аудиториялары, кафедра, қызмет көрсетуші бөлімдер қаралып шықты. Мамандықты даярлаушы ОПҚ-ның жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейі, материалдық-техникалық база, кітапхана қоры мен ақпараттық қор маман дайындауға мүмкіндік береді.

# ЭКСПЕРТТІК ТОПТЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

## 1Стандарт– Білім беру бағдарламасының мақсаттары және сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат

***Талдау мен дәлелдер:***

6М020600 - Дінтану БББ-ның мақсаттары Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің миссиясы мен «2017-2020 жылдарға арналған даму стратегиясына» сәйкес жүзеге асады.

6М020600 - Дінтану мамандығы бойынша магистрларды дайындаудың мазмұны Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық актілеріне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (ҚР БжҒМ) мемлекеттік жалпы міндетті стандартының талаптарына және нормативті-реттеуші құжаттарына сай негізделген.

6М020600 - Дінтану мамандығына білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен міндеттері – жоғары исламтанушылар, білімді имамдар дайындау, болашақ дін қызметкерлеріне практикалық мәселелерді білікті түрде шешуге, мұсылман шариғатының қағидаларын түсіндіруге, діни жора-жоралғылардың дәстүрлі ханафи мазһабына сәйкестілігін, шынайы Исламның қағидаларына қайшы келетін жат сенімдердің белгілерін анықтауға, қоғамның рухани әлеуетінің жоғарылауына және адамгершілік мінез-құлықты бекітуге, қоғамдағы үйлесімді және жоғары дәрежеде білім алған тұлғалардың дамуына қажетті негіз қалауға мүмкіндік беретін білім және біліктілік кешенін меңгеруге жағдай тудыру делінеді.

Қазіргі таңда «Нұр-Мүбарак» ЕИМУ-нің «Дінтану» кафедрасы Қазақстандағы 6М020600 - «Дінтану» мамандығы бойынша кадрлар даярлайтын 6 кафедраның бірі болып табылады.

БББ сапасын қамтамасыз ету саясаты сапаны қамтамасыз ету жүйесіне негізделген. Әрбір процесті іске асыруға университеттің құрылымдық бөлімдері (кафедралар, офис тіркеу, оқу әдістемелік бөлімі, т.с.с.), ПОҚ құрамы, білімгерлер, ЖОО әкімшілігі, сыртқы қызығушы тараптар қатысады.

ПОҚ, ғылыми мекеме қызметкерлері және магистрант өкілі кафедра мәжілісіне қатысу барысында ұсыныстар жасап отырады.

Университеттегі білім беру қызметтерін ұсыну үдерісінде білім алушылардың, жұмыс берушілер мен басқа да мүдделі тараптардың талаптарын анықтау үшін ақпарат жинау жүзеге асырылады. Бұл ретте, мониторинг жүргізудегі негізгі әдісі ретінде, кафедра тарапынан жұмыс берушілерге электрондық сауалнама жолдау арқылы, нәтижесі кафедра мәжілісінде талқыланады. Сауалнамада жұмыс берушілер түлектердің кәсіби дайындығына, іскерлік қабілеттеріне баға беріп, БББ жетілдіруге қатысты өз ұсыныстарын білдіреді.

Университет әкімшілігі магистрант өкілдерімен білім алушылардың мәселелерін ашық талқылайтын кездесу өткізеді, кездесу қорытындысы

бойынша тиісті шаралар қабылданады (https://nmu.kz/kk/news/2017-zhylga-rizashylygymyz-mol/).

Университетте академиялық адалдық Кодексі әзірленіп қабылданған, оқытушылар ұжымы мен магистранттар академиялық адалдық саясатын ілгерілетуді қолдай отырып, өзіндік ұстанымы бар және жан-жақты болуға тырысады. Жоғары оқу орындарына түсу және жұмысқа қабылдау кезінде тең шарттарды қамтамасыз ету ҚР Конституциясында, «Білім туралы» Заңда, Еңбек туралы Кодексте және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 19 қаңтар 2012 жылғы №111 Қаулысымен бекітілген «Жоғары білім беру кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың типтік қағидаларында» қарастырылған.

Академиялық адалдық мәселелері университет басшыларымен магистранттардың кездесулерінде де қарастырылады. Этикалық-моральдық әдепті бұзған оқытушылар ұжымдық талқылауға шығарылады. Жарғыда және басқа да нормативтік-директивалық құжаттарда көзделген еңбек Кодексі, ар-намыс Кодексінің ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылатына қарастырылған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы магистранттардың қатысуымен университет деңгейінде іс-шаралар ұйымдастырылады. Мысалы дінтану магистранты Мейрамбек Сайранұлы 30.11.2017 күні сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Бірегей сыбайлас жемқорлық сағаты» деген тақырыпта дөңгелек үстел өткізді. Өткен орны: Нұр-Мүбарак ЕИМУ, 309 аудитория (https://nmu.kz/kk/news/nur-mubarak-studentteri-sybajlas-zhemkorlykka-karsy/).

Сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінен мамандар келіп семинар өткізіп тұрады (https://nmu.kz/kk/news/sybajlas-zhemkorlykka-karsy-mamandar-nur-mubarak-universitetinde/).

Білім беру бағдарламаларының мақсаты еңбек нарығының талаптарына сай жұмыс берушілердің элективті пәндер тізімінің жасалуына үлестерін қосуға тарту, дінтану саласындағы жетекші мамандардың осы саладағы білім беру бағдарламасын жасауда қатысуға мүмкіндіктер берілген.

Білім беру бағдарламасының ортақ компоненті білім беру жүйесінің қызмет нәтижелері - түлек сипаттамасын сипаттайтын мақсаттар жүйесі болып табылады. Миссияны жүзеге асыру үшін, стратегиялық жоспарға, мақсаттар мен міндеттерге, өзекті біліктілік пен құзыреттілік алу жолында магистранттардың сұранысына сәйкес 6М020600-«Дінтану» БББ-ның келесі міндеттері қалыптастырылған:

- Дінтану БББ ғылыми-теориялық негіздерін, бағыттарын, ғылыми зерттеу әдістемесін игерген, діндер тарихын, ілімдері мен ғибадаттық ерекшеліктерін терең меңгерген жоғары білікті мамандарды – магистр, PhD докторларын даярлау, сондай-ақ осы саладағы кадрлардың біліктілігін арттыруға үлес қосу;
- Білім беруді сапалы және бәсекелестікке қабілетті деңгейге дейін жоғарылату;

- Білім беру үдерісін заманауи ғылыми жетістіктер мен инновациялық оқу технологиялары негізінде ұдайы жетілдіріп отыру, білім берудің теориялық және тәжірибелік салаларын сабақтастыру арқылы терең компетенциялар мен дағдыларға ие бәсекеге қабілетті жоғары білімді мамандар даярлау;
- Мемлекеттік мекемелерде, ғылыми-зерттеу орталықтарында, БАҚ және басқа да құрылымдарға қажетті мамандарды даярлау.
- Мемлекеттік мекемелерде, ғылыми-зерттеу орталықтарында, БАҚ және басқа да құрылымдарға қажетті қоғам сұранысына ие мамандарды даярлау;
- Қашықтықтан білім беру жұмыстарын қарастыру;
- Ғылыми және оқу-әдістемелік инфрақұрылымды дамыту;
- Ғылыми-зерттеу орталықтарымен байланыс және әріптестік қарым-қатынас орнату;

6M020600 - «Дінтану» білім беру бағдарламасының стратегиялық менеджменті мамандық бойынша білім берудің барлық үдерісін қамтиды және бағдарламаның ұзақ мерзімді жетістігіне әрі тұрақты болуына бағытталған. Білім беру бағдарламалары қоғам мен еңбек нарығы сұраныстарына орай қайта қаралып тұрады. Бағдарлама мақсаттарының тиімділігін іс-тәжірибе базалары, жұмыспен қамтамасыз ететін аймақтық ұйымдар, кафедра ПОҚ-ның өзара келісім негізінде енгізілген элективті пәндер қатары мен магистранттардың ұсыныстары дәлелдейді.

***Дәлелдеме***:

Білім беру бағдарламасының мақсатын ЖОО-ның сайтынан көруге болады.

Элективті пәндер каталогы мен МОБ құжаттары.

Білім беру бағдарламасына қатысты құжаттар.

ПОҚ мен білім алушылармен және факультет өкілдерімен кездесу барысында жалпы білім беру бағдарламсымен таныс екендігі байқалды.

***Жағымды тәжірибелер:*** ЖОО-да білім беру бағдарламасының мақсатының тиімділігін бағалау бойынша сауалнамалар ұйымдастыру жүйелі жолға қойылған.

**Ескерту:**

БББ мақсатын дінтанушы біліктілігіне қарай бұру қажет. Негізінен исламтанулық сипат басым.

***Жақсарту шаралары:***

Білім беру бағдарламасының тиімділігін арттыру үшін элективті пәндер каталогын жасау кезінде Профессорлық-оқытушылық құрамының біліктілік бағытына байланысты сұранысқа ие пәндерді енгізу.

## 2 Стандарт– Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару

***Талдау мен дәлелдер:***

Магистратура бойынша әзірленген БББ біліктіліктің Ұлттық жүйесіне және мамандықтың кәсіби стандартына сәйкестендірілген. 6М020600 - «Дінтану» БББ-ның мазмұны кәсіби әлеуеттік құзіреттілікті ғылыми, теориялық және тәжірибелік бағдарлаудың талаптарына сәйкес жасалады.

Оқу жоспарының міндетті компоненті БББ мазмұны оқу жоспарының міндетті компоненті бойынша міндетті компонент ҚР ТОЖ-на (2010, 2013, 2016) сәйкес келеді.

Бекітілген БББ негізінде түрлі оқу деңгейлерінің түрлі оқу мерзімдері бойынша оқу жоспары даярланады. 6М020600 - Дінтану БББ оқу жұмыс жоспарлары даярланған.

БББ жалпы еңбек сыйымдылығы 59 дан кем емес кредитті құрайды. Оның ішінде теориялық оқуға - 42 кредит. Базалық пәндер компоненті – 20, оның ішінде, міндетті компонент - 8 кредит, таңдау компоненті - 12 кредитті құрайды. Кәсіптік пәндер модулі - 22 (міндетті компонент - 2 кредит, таңдау компоненті - 20 кредит). Тәжірибе - 6 кредит, магистрлік диссертацияны орындауды қоса есептегендегі магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы - 7 кредит, қорытынды аттестация - 4 кредит.

Базалық кәсіптік модуль болашақ магистр мамандығы бойынша іргелі білім қалыптастыруына бағытталған. 6М020600 - Дінтану БББ оқу жоспарларының құрылымы мен мазмұны типтік оқу жоспарлары мен элективті модульдер (пәндер) каталогіне сәйкес келеді.

Оқу үдерісінде келесі оқу жоспарлары қолданылады:

- типтік оқу жоспары (ТОЖ). ТОЖ-да міндетті компоненттің оқу пәндерінің көлемі жекелеген кредит түрінде, ал таңдау компоненті жалпы кредит санымен анықталады.
- оқу жұмыс жоспары (ОЖЖ). ОЖЖ бір оқу жылына даярланады.
- жеке оқу жоспары (ЖОЖ).

Оқу жұмыс жоспары (ОЖЖ) жеке оқу жоспары (ЖОЖ) негізінде даярланады.

БББ жұмыс оқу жоспары құрамында курстар бойынша оқу процесінің кестесі, кредит саны көрсетілген модульдер тізімі болады.

- Таңдау бойынша модульдерге берілген кредиттер семестрлер бойынша тең бөлінген. БББ мазмұны үйлесімде отандық және кейбір шетелдік жоғары оқу орындарының ұқсас бағдарламаларымен үйлестірілген, ECTS («Кредиттік технология бойынша оқыту ережелері») типі бойынша кредиттерді қайта тапсыру тәртібі бекітілген.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеуде ерекше рөл оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуге бөлінеді. Білім беру үдерісінде келесі оқу-дидактикалық материалдары пайдаланылады: оқу-әдістемелік кешендер, әдістемелік нұсқаулар, пәндер игеру құралдары, мамандық РОӘК ұсынған оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдары, электрондық оқулықтар, ТСО (слайдтар), бейнедәріс материалдары. Оқу-әдістемелік, дидактикалық материалдардың сапасы университет ішкі нормативті құжаттарының талаптарына сәйкес қамтамасыз етілген.

Университетте ПОҚ материалдардың оқу-дидактикалық базасын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізеді. РОӘК және университеттің Ғылыми Кеңесі ұсынған оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар шығарылады (https://nmu.kz).

БББ пәндері оқу-әдістемелік кешендерімен (ПОӘК) қамтамасыз етілген. Кафедрада оқытылатын әрбір пәнге арнайы оқу-әдістемелік қамтамасыз ету картасы жасалады және пәндер жыл сайын жаңа әдебиеттермен толықтырылады делінгенімен, соңғы жылдарда шыққан әдебиеттер басымдығы төмен.

Магистранттардың білім жетістіктері (білім, білік, дағдылары мен құзіреттіліктері) халықаралық тәжірибеде қабылданған балдық-рейтингтік әріптік жүйеге (БРЖ) сәйкес, 100 балдық шкаламен бағаланады. Балдық-рейтингтік әріптік жүйе 11 балдық шкала бойынша құрылған, бұған балдардың сандық эквиваленті, пайыздық мазмұны мен дәстүрлі баға қою сәйкес келетін бағалаудың әріптік жүйесі енгізілген. Балдарға оң баға болып есептелінетін 4,0 және 1,0 аралығындағы сандар және қанағаттанарлықсыз» баға болып есептелінетін 0 саны, яғни араб цифрлары сәйкес келеді. Баға мазмұны пайыздық өлшеммен анықталады. Оң баға 50 пайыз бен 100 пайыз аралығын қамтиды, «қанағаттанарлықсыз» баға - 0 және 49 пайыз аралығында. Дәстүрлі бағалау шкаласы «үздік», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз» деген өлшемдерді білдіретін 4 баллдық шкаламен өлшенеді.

Магистранттардың ағымдағы сабақ үлгерімі төмендегідей бағаланады:

- сабаққа дайындығы, топта белсенді жұмыс жасауы мен сабақтардағы бақылау іс-шараларына қатысуы;
- тәжірибелік және өз бетінше орындауға берілген жұмыстарды сапалы және дер кезінде орындауы;
- МҒЗЖ дер кезінде және сапалы орындауы.

Пән бойынша қорытынды бағаға ағымдағы сабақ үлгерімі мен қорытынды бақылау кіреді: ағымдағы сабақ үлгерімінің бағасы 60%-ды құрайды, қорытынды бақылау - 40%-ды құрайды. Әрбір семестрден кейін және оқу курсы аяқталғаннан кейін магистранттардан сауалнама алу тәжірибеге енгізілген.

БББ Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкес жасалады және де Дублин дескрипторлары және Біліктіліктердің Еуропалық шеңберімен келісілген. Біліктіліктердің ұлттық шеңберінде анықталған құзыреттіліктерге қойылатын талаптар сәйкесінше деңгейдегі БББ-да, аталмыш жағдайда магистратураның аккредитацияланатын 6М020600-«Дінтану» БББ-да көрініс табады және аталмыш бағдарламаны меңгеру нәтижесінде қол жеткізіледі. Біліктіліктердің ұлттық шеңберінің 6-деңгейіне сәйкес кәсіби саланың теориялық және практикалық білімдерінің кең диапазонын, теориялық және практикалық білімдерді қолдана отырып кәсіби міндеттерді шешудің әр түрлі нұсқаларын дербес жасау және ұсыну дағдыларын, сонымен қатар ұйымның стратегиясы, саясаты мен мақсаттары аясында еңбек және оқу қызметін дербес басқару

және бақылау қабілетін қалыптастыру, мәселені талқылау, тұжырымдарды дәлелдеу және ақпаратты сауатты жүргізу қарастырылады.

БББ «Кредиттік технология бойынша оқыту ережелеріне» (www.nmu.kz) сәйкес іске асырылып, бағдарламаның құрылымын, оқу пәндерінің түрлерін, білімді басқару түрлерін, оқу траекториясын жоспарлау қағидаларын анықтайды. Игерілген кредиттер жинақтаушы қызмет атқарып, білімгерлердің курстан курсқа өтуін қамтамасыз етеді (GPA негізінде) және келесі білім беру деңгейінде оқытуды жалғастыру үшін мүмкіндік беріледі.

а) бір жоғары оқу орнының (трансферт қызметі) басқа жоғары оқу орнында игерген пәндерді қайта есептеу мүмкіндігі бар, сондықтан ешбір кедергісіз, егер кредит саны толық сәйкестенсе, ауыса алады;

ә) білім алушының білім беру траекториясына, ең алдымен, оқуды жалғастыру және келесі білім беру деңгейіне (жинақтау қызметі) өту мүмкіндігіне қатысты ұстанымын анықтау үшін Білім беру бағдарламаларында ECTS кредиттерін қолдануға мүкіндік жасалған.

БББ жасауда оқу жоспарында қарастырылған оқу қызметінің барлық түрлері бойынша магистранттардың оқу жүктемесінің еңбек сыйымдылығының дәрежесі ескеріледі.

Магистранттардың оқу жүктемесінің есепті еңбек сыйымдылығы кредиттерде көрінеді. Бір академиялық сағат 50 минут лекция, практика (семинар) сабақтарына тең. Оқу сабақтарының әрбір академиялық сағатына 2 сағат (100 минут) СӨЖ қосылады, оның бір сағаты (50 минут) ОМӨЖ. Магистрді даярлау бойынша білім беру процесінің аяқталғандығының негізгі критерийі магистранттың кем дегенде 42 кредитті игеруі немесе кем дегенде 1890 сағат теориялық білім алуы болып табылады. Бір академиялық кезең ішінде магистрант 18-21 кредитті немесе 810-990 сағатты игереді.

Университетте сапаны қамтамасыз ету жүйесінің бір бөлігі болып табылатын, БББ үздіксіз сараптамадан өткізу және ішкі бағалау механизмі жұмыс жасайды. Бұл өз тарапынан оқу жоспарының және қойылған тапсырмалардың орындалуын және оны дамытуда мақсатында кері байланысты қамтамасыз етеді.

БББ сапасын ішкі бағалау мен сараптау университетте болып жатқан процестерді бақылау жолымен жүзеге асырылады.

Білім беру бағдарламасын жасақтау барысында білімгерлердің, ПОҚ қызметкерлердің қанағаттану жағдайларын сауалнамалар арқылы анықтау мүмкіндігі ескерілген.

БББ сапасын бақылау және бағалау үшін оқытушылардың өзара сабаққа қатысуы жүргізіледі, олардың нәтижелері, сабақтар мен пайдаланылатын оқу-әдістемелік материалдардың сапасы, СӨЖ тапсырмаларын уақтылы беру, білім алушылардың үлгерімін бақылау және бағалауды ұйымдастыру кафедра мәжілістерінде талданады.

Білім алушының университеттен кейінгі білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін университет білім беру бағдарламаларын жасағанда олардың мазмұнының үздіксіздік, жүйелілік, сабақтастық принциптерін

ұстанады. Білім беру бағдарламаларының ішінде пәндердің академиялық өзара байланыстылық қисыны ескеріледі. Оқытудың сабақтастығы ПОӘК-да пәндердің пререквизиттері мен постреквизиттерін, сонымен қатар аталмыш пән қалыптастыруды қамтамасыз ететін жалпы мәдени және кәсіби құзыреттіліктерді көрсеткенде іске асырылады. Сабақтастық принципі магистратурада оқытылатын пәндер білім берудің келесі деңгейлерінде - докторантурада өзінің қисынды жалғасын табатынын білдіреді.

БББ игеру нәтижесінде алынатын біліктілік магистрлерге толық және анық түсіндіріледі және Біліктіліктің ұлттық шеңберінің сәйкес деңгейіне жатады. БББ игеру нәтижесінде алынатын біліктілік аталмыш мамандар талап етілетін жерлерде жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Аккредитацияланатын БББ игерудің тиімді жақтары модульдер мен олардың мазмұнын алға қойылған мақсаттарға сәйкес оқытушылар тарапынан жасалуынан және білім беру бағдарламаларын құруға кешенді көзқарас қолдану арқылы нақтылануынан көрінеді.

Оқу орны бағдарламаларды меңгеру нәтижесінде алынған біліктіліктің магистранттарға толық және анық түсіндіріп, Ұлттық біліктілік шеңберлерінің тиісті деңгейіне қатысты дәлелдеулерін көрсетеді.

***Дәлелдеме:***

Мамандыққа қатысты пәннің оқу-әдістемелік кешені (ПОӘК) силлабустар және элективті пәндер тізімі.

Пәнге қатысты оқу әдістемелік құжаттар мен оқу құралдары.

Заманауи техникалық мүмкіндіктермен жабдықталған оқу шарттары ПОҚ құрамымен кездесу және дәрістерге қатысу барысында инновациялық тәсілдердің қолданылуы.

***Жағымды тәжірибелер:*** ЖОО элективті пәндер арасында жұмыс берушілердің ұсыныстарымен енгізілген пәндер мөлшері жеткілікті көрсетілген.

***Ескерту:***

Бакалавр және магистратура пәндерінің деңгейлерін қайта қарастыру қажет, кейбір пәндер қайталау тудырады.

***Жақсарту шаралары:***

Тақырып базасы мен таңдалған тақырыптар сәйкестілігін көтеру қажет, өйткені диссертациялық жұмыстардың басым көпшілігі кафедрадағы тақырыптар базасынан емес.

Әдістемелік кеңес жұмысында пәннің оқу-әдістемелік кешен құрылымын бекіту және оқытушылардың толық орындауын қамтамасыз ету. Платонуста жүктелген ОӘК дердің талаптарын бірізділендіру.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету бөлімдерінің жұмысын жетілдіру қажет.

## 3 Стандарт– Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау

***Талдау мен дәлелдер:***

Университет жүйесінде магистранттардың өзін-өзі басқару формалары

белгіленген. Магистранттардың өзін-өзі басқаруы – магистрант жастардың шешімдерді қабылдауда, университеттің барлық органдарына магистранттардың ұсынылуында, магистранттардың жаңа өкілдеріне оқыту треннингтерін өткізуде, магистранттарды ақпараттандыру және сұрақтар бойынша келісу жүргізуде көрініс табады. Магистранттардың ЖОО басқаруда тең қатысуы құқығы ҚР заңдарымен, ішкі ережелермен сондай-ақ ішкі құжаттармен сәйкес іске асырылады.

Білім беру нәтижелерін анықтау ҚР БҒМ 2011 жылғы 20-сәуірдегі №152 «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың ережелері» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. Білім берудің бағдарламасын игеру мақсатында магистранттардың жеке оқу жоспарлары жасалған.

Мемлекеттік білім беру грантымен оқып жатқан магистранттар келесі курсқа өткен кезде тапсырмаған сабақтары болса, оны ақылы түрде тапсырады. Мұндай сабақтарды тапсыру үшін магистрант бұл пәнді белгілі бір уақытта қайтадан оқып шығуы тиіс және бағдарламада қарастырылған барлық бақылау түрлерінен өтуі керек.

Бітіруші курстардан өзгелерге қосымша білім алу үшін, тапсырмаған сабақтары бойынша емтихан тапсыру үшін немесе оқу жоспарындағы айырмашылықтарды жою үшін, оқу пәндерін меңгеру үшін, басқа ЖОО-нан келген магистранттар кредиттерді игеріп, өздерінің оқу орнында қайта сынақ тапсыру үшін, сабақ үлгерімінің орташа баллын (GPA) көтеру үшін 6 аптадан кем емес уақытқа жазғы семестр енгізіледі.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқып жатқан білім алушы сол курсты қайтадан оқуға қалдырылса, бұдай былайғы оқу мерзімінде мемлекеттік білім беру грантынан айырылады. Қайта оқу курсына ОЖЖ-на сәйкес оқуының төлемақысын төлеген магистанттар жіберіледі.

МЖМБС, ТОЖ талаптарын, элективті курстар мен академиялық күнтізбені басшылыққа ала отырып, магистранттар әрбір оқу жылына арналған дербес траекторияны анықтайды. Магистратура бойынша екі бағытта білім беру траекториясы жұмыс жасайды. Дербес траекторияны қалыптастыруда магистранттарға әдістемелік көмекті эдвайзерлер береді. МЖЖЖ жасақтау элективті пәндерді, оқытушыларды, магистрлік диссертацияның ғылыми бағыттарын таңдау үшін қатыстырылады.

Білім берудің кредиттік технологиясы білім алушылардың пәндерді таңдау және өз бетінше жоспар құру негізінде жүзеге асырылады. Бұл жағдайда білім алушы мен оқытушы оқу жұмысын үйлестіру үшін кредитті өлшем бірлігі ретінде қолданады. Білім берудің кредиттік технологиясы жинақтау технологиясы болып табылады, мұнда бұрын білім алу барылысында меңгерілген кредиттер ескеріледі.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау мен бағалау балдық-рейтингтік жүйе негізінде бақылау мен аттестациялаудың түрлі формаларын қолдана отырып жүргізіледі. Кейін ол аралық және қорытынды аттестация

түрінде сабақ үлгерімі ағымын жүргізудің типтік ережелеріне сәйкес, дәстүрлі бағалау шкаласына ауыстырылады.

Магистранттардың білім жетістіктері (білім, білік, дағдылары мен құзіреттіліктері) халықаралық тәжірибеде қабылданған балдық-рейтингтік әріптік жүйеге (БРЖ) сәйкес, 100 балдық шкаламен бағаланады. Балдық-рейтингтік әріптік жүйе 11 балдық шкала бойынша құрылған, бұған балдардың сандық эквиваленті, пайыздық мазмұны мен дәстүрлі баға қою сәйкес келетін бағалаудың әріптік жүйесі енгізілген. Балдарға оң баға болып есептелінетін 4,0 және 1,0 аралығындағы сандар және «қанағаттанарлықсыз» баға болып есептелінетін 0 саны, яғни араб цифрлары сәйкес келеді. Баға мазмұны пайыздық өлшеммен анықталады. Оң баға 50 пайыз бен 100 пайыз аралығын қамтиды, «қанағаттанарлықсыз» баға - 0 және 49 пайыз аралығында. Дәстүрлі бағалау шкаласы «үздік», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз» деген өлшемдерді білдіретін 4 баллдық шкаламен өлшенеді.

Магистранттардың ағымдағы сабақ үлгерімі төмендегідей бағаланады:

- сабаққа дайындығы, топта белсенді жұмыс жасауы мен сабақтардағы бақылау іс-шараларына қатысуы;
- тәжірибелік және өз бетінше орындауға берілген жұмыстарды сапалы және дер кезінде орындауы;
- МҒЗЖ дер кезінде және сапалы орындауы.

Аралық бақылауды бағалау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылы 16-наурызында бекітілген «ЖОО-да білім алушылардың ағымдағы бақылау, сабақ үлгерімі, аралық және қорытынды аттестациясын өткізудің типтік ережелеріне» негізделген. Аралық бақылау бір оқу пәні бойынша бір академиялық кезең барысында екі мәрте өткізіледі.

Университетте қабылдау, ағымдағы сабақ үлгерімі, игерілген білім деңгейі, түлектер сапасы, пәндерді оқыту сапасы білім алушылардың және жұмыс берушілердің дайындық сапасына көзқарасының мониторингін жүргізу тәжірибесі қалыптасқан.

Пән бойынша қорытынды бағаға ағымдағы сабақ үлгерімі мен қорытынды бақылау кіреді: ағымдағы сабақ үлгерімінің бағасы 60%-ды құрайды, қорытынды бақылау - 40%-ды құрайды.

Университетте магистранттарды кезеңдік аттестациялау ҚР МЖМБС-негізінде әзірленген кәсіптік оқу бағдарламасымен, оқу-жұмыс жоспарымен және академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады.

Магистранттардың кезеңдік аттестациясы емтихандар түрінде жүргізіледі. Кезеңдік аттестаттау нәтижелері бойынша офис-тіркеуші магистранттардың академиялық рейтингін жасайды. Емтихандар кесте бойынша жүргізіледі және пәннің барлық кәсіптік оқу жоспарлары бойынша магистранттардың оқу жетістіктерін тексерудің негізгі түрі болып табылады, олар академиялық кезеңдегі жетістіктерді бағалауды мақсат етеді.

Оқу жылы барысында күтілетін нәтижені басқару шешімдері талданып отырады. Аралық аттестацияның қорытындысы кафедраның мәжілісінде

талқыланады, солардың қорытындысы бойынша ПОҚ-тың жұмыстарына баға беріледі. Академиялық күнтізбеге сәйкес емтихандардан қарыз болған магистранттар ақылы түрде жазғы семестрде қайта тапсырады. Сонымен қатар оқытушылар семестр барысында қарыздың жойылу үдерісін қадағалайды.

Уақытында сессия, емтихан тапсырмаған білім алушыға, ауруына, басқа да себептерге байланысты растайтын құжаттары болған жағдайда белгіленген мерзімге сессия уақыты ұзартылады.

Егер ағымды емтихан сессиясы немесе қорытынды аттестаттау кезінде білімгерлердің білімдерін бағалау барысында, олардың тарапынан арыз-шағымдар туындаса апелляциялық комиссия төрағасының атына шағым жазады. Апелляциялық комиссия білімгердің арызын өзінің өтінішіне сәйкес оның қатысынсыз қарастыра береді. Апелляциялық кеңес апелляциялық арыз берілгеннен кейінгі 24 сағат ішінде оған сәйкесінше жұмыстың бағасын қайта қарастыру не бастапқы бағасын қалдыру жайлы шешім қабылдайды. Апелляциялық комиссияның шешімі емтихан қабылдау нәтижелерін қайта комиссиялық қарастыру негізінде қабылданады. Шешім апелляциялық комиссияның мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады және ол түбегейлі шешім болып табылады әрі қайта қарастырылып, талқыланбайды. Апелляциялық комиссияның нәтижесі хаттамамен бекітіледі.

Ағымдық бақылау, ағымдық бақылауды ұйымдастыру және өткізу ережесіне сай жүзеге асырылады. Магистранттардың ағымдық білімін бақылау практикалық және семинар сабақтарында, ауызша сұрау, жазбаша бақылау жұмыстары, үй тапсырмаларының презентациялары, дискуссиялар, пікір-таластар, дөңгелек үстел, кейс-стади түрінде немесе т.б. өткізіледі. Ағымдық бақылау академиялық кезең барысында оқытушы тарапынан аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда пән силлабусына сәйкес жүзеге асырылады. Аралық бақылау семестр барысында 8-ші және 15-ші аптада өткізіледі. Аралық бақылау, аралық бақылауды ұйымдастыру және өткізу ережесіне сай жүзеге асырылады. Ағымдық және аралық бақылаудың қорытындысы электронды журналдарға қойылады, бұл білім игеру бақылауының ашықтығын қамтамасыз етеді.

ОЖЖ-ның барлық талаптарын толық орындаған магистранттар мемлекеттік қорытынды аттестацияға (МҚА) жіберіледі. Магистранттардың білім, білік, дағдылары мен құзіреттіліктерін бақылау қорытынды аттестация кезінде жүзеге асырылады.

Магистранттардың қорытынды аттестациясы академиялық күнтізбеде және мамандық бойынша ОЖЖ-да қарастырылған мерзімде өткізіледі. Ол кешенді емтихан тапсыру түрінде немесе магистрлік диссертацияны қорғау түрінде болуы мүмкін.

Университеттің және оның құрылымдық бөлімшелерінің оқытуларының ақпараттық технологиялар саласында бағалау және жоспарлауларын анықтаудағы негізгі критерийлері, университеттің жаңа ақпараттық технологиялар саласындағы, сонымен қоса, басқару және

мониторингтегі дамуы болып табылады. Университетте бүгінгі күні 100 Мбит/с жылдамдығы бар сымсыз ғаламтор, сондай-ақ ғимараттарда Wi-Fi байланыс желілері жұмыс істейді. Қазіргі уақытта БББ магистранттарына қолжетімді 48 бірлік компьютерлік техника бар. Магистранттардың ғылыми зерттеулер және ғылыми жұмыстарын жазу үдерісіне кітапхана қорында мүмкіндіктер жасалған.

***Дәлелдеме:***

Сыртқы аудит кезінде тексерілген білім беру ресурстары (кітапхана, компьютер кластары, электронды кітапхана т.б.) студенттердің сұраныстарына жауап бере алатындығы байқалды.

Білім алушыларға академиялық қолдау көрсетуге бағытталған құжаттар мен дәрістерге қатысу.

Халықаралық тәжірибе алмасу және тағылымдама құжаттары. Педагогикалық тәжірибе және зерттеу жұмыстарының құжаттары.

Жеке сұхбат және материалдық базаны қарау барысында білім алушылардың толық жатақханамен қамтамасыз етілуі айқындалды.

***Жағымды тәжірибелер:***

Білім алушылардың әлеуметтік тұрғыдан қолдауға ие болуы дамытылған. Білім беру бағдарламасы мен біліктілік бағытында шет тілін игеру мүмкіншілігі мен шет-елдік оқытушылармен білім жетілдіру жолдары қарастырылған.

***Ескерту***:

Білім алушылардың іс-тәжірибелік жұмыстарының құжаттары талапқа сай рәсімделмеген.

***Жақсарту шаралары:***

Практикалық құжаттар бойынша міндетті құжатарды толықтыру және мазмұнын әдістемелік кеңес отырысында бекіту.

## 4 Стандарт – Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау

***Талдау мен дәлелдер:***

6М020600-«Дінтану» БББ магистранттарды қабылдауды университет білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың типтік ережелеріне, жоғары білім берудің кәсіби оқу бағдарламаларын нақтылау, ҚР Үкіметінің 2012 жылдың 19 қаңтарындағы №111 бекітілген қаулысымен, ҚР «Білім беру» Заңындағы 4 бап, 25-ші тармақшасына сәйкес шығарылған және Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің қабылдау ережелерімен жүргізеді.

ҚР МЖМБС-да 6М020600 «Дінтану» мамандығы бойынша магистранттарды дайындау сапасының деңгейіне және білім беру қызметінің механизміне қойылатын негізгі нормативті талаптар баяндалған.

Университетте білім беру бағдарламасы мен білім беру деңгейі түрлері бойынша орталықтандырылған «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі 24 сағаттық тәртіппен жұмыс жасайды. Ол университеттің веб-сайтына орналастырылған (http://edu.nmu.kz/).

Жүйенің мәліметтер қорында білім беру деңгейлері мен БББ бойынша білімгерлер контингенті, олардың жеке оқу жоспарлары, академиялық үлгерімдері, т.с.с. толық мәліметтер бар. Сонымен қатар, қажетті ақпарат (сабақ кестесі, пән бойынша балл т.б.) алуға мүмкіндік беретін оқытушы және магистранттардың жеке кабинеттері іске қосылған.

Магистранттар оқу үдерісінде ағымдық, АБ үлгерімі, аралық және қорытынды аттестаттаудан өтеді. Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылаудың мақсаты - олардың үлгерімін және сабаққа қатысу деңгейін анықтайды, олардың арақатынасы әрбір білім алушының оқу барысындағы белсенділігі мен материалды меңгеруін көрсетеді. Бір семестр бойы оқытушы барлық білім алушылар үшін міндетті екі білім бақылауын жүргізеді, бүкіл семестр бойы бақылау мерзімдері: бірінші межелік бақылау - 8 (сегізінші) апта, екінші аралық бақылау - 15 (он бесінші) апта. Ағымдық және аралық бақылаулар билет арқылы жазбаша немесе ауызша түрде жүргізіледі. Ағымдағы немесе аралық бақылауды және аралық аттестаттауды ұйымдастырудың қазіргі жүйесі білім алушылардың білімін объективті бағалауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді

Білім беру нәтижелерін бағалауда құзыреттілік тәсілі қолданылады. Басты құзыреттілік модульді білім беру бағдарламаларында көрініс табады.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау ҚР БҒМ 18.03.2008 жылғы №125 бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар 2017 жылғы 30 қаңтардағы № 36 бұйрығы) бекітілген «Жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне АғБ, аралық және қорытынды аттестатау өткізудің Үлгі ережесі» сәйкес жүргізіледі. Дінтану кафедрасы диссертациялық жұмыстарды орындау басталғанға дейін білімгерлердің білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес, жұмысқа қойылатын талаптар белгіленген әдістемелік нұсқаулармен қамтамасыз етеді.

МАК төрағалары тиісті салалардағы біліктілігі жоғары мамандар болып табылады. МАК жұмысын академиялық күнтізбеге сәйкес, диссертациялық жұмысты қорғау кестелері мен МАК мүшелерінің кворумын сақтай отырып ұйымдастырады. Есептер оң баға мен білім беру бағдарламаларының мазмұнын жетілдіру бойынша ұсыныстарды қамтиды.

Бітіруші түлектердің еңбек нарығында сұранысқа ие болуы - білім беру сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі. 6М020600 - Дінтану мамандығы бойынша бітіруші түлектердің сұранысқа ие болуы «Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті ұжымы жұмысының тиімділігін көрсететін маңызды сипаттарының бірі болып табылады. Осы арқылы магистр дайындау сапасын көруге болады.

Жұмыс берушілердің пікірлерінде БББ түлектерінде келесідей құзырет түрлері анықталғанын айтады: қалыптасқан кәсіби құзыреттің болуы (мамандықтың базалық курсынан білімі, оқу үдерісін қазіргі заманғы білім беру әдістері мен технологияларды пайдалана отырып ұйымдастыруға ұмтылу, кәсіби және тұлғааралық дағды мен білікті меңгеру); әлеуметтік-тұлғалық құзыреттің көрінісі (БББ түлектерінің білім, білік, дағдыларын

максималды пайдалануға ұмтылуы, кәсіби және тұлғалық өсуге ұмтылуы, қарым-қатынас жасай алу, қоршаған адамдармен тіл табыса алу). Бұларға қоса кафедрада жұмыс берушілердің түлектер туралы, олардың қызметін бағалайтын сыртқы оң пікірлер бар.

Білім беру нәтижелерін бағалауда құзыреттілік тәсілі қолданылады. Басты құзыреттілік модульді білім беру бағдарламаларында көрініс табады.

6М020600 - Дінтану білім бағдарламасын бітірушілер ислами мәдени құндылықтарды, қоғамда, қоршаған ортада адамдармен қарым-қатынас этикасын, құқықтық нормаларды меңгереді.

Дінтану мамандығының магистрі экономикалық дамудың негізгі заңдылықтарын, мешіт істерін басқаруда әлеуметтану, психология салалары бойынша білімді, ғылыми және педагогикалық қызмет дағдысын, дінтану саласындағы білімді меңгереді.

Бітіруші өз саласына қатысты мәселелерде дұрыс тоқтам қоя білуді, сауатты шешім қабылдау дағдысы мен құзыреттілігін меңгереді. Мұсылман шариғатының ережелерін, қоғамның рухани өркендеуін түсіндіріп, адамгершілік құндылықтарды нығайтады.

6М020600 - Дінтану білім беру бағдарламасын бітірушілер төмендегі құзыреттіліктерімен ерекшеленеді:

а) жалпы және арнайы білімді, оқыған әдістерді тәжірибе жүзінде қолдана білу;

ә) мұсылман шариғатының қағидаларын түсіндіру білу;

б) діни жора-жоралғыларды дәстүрлі ханафи мазһабы арқылы түсіндіре білу;

в) исламның қағидаларына қайшы келетін жат сенімдердің белгілерін анықтай білу;

г) ислам саласындағы жаһандық әлеуметтік проблемаларды түсінуде жоғарғы біліктілігінің болуы;

д) қазіргі заманғы саяси және діни мәселелерді білу, түсіну;

Магистерлік диссертациялардың тақырыптары, оқу процесіне зерттеу нәтижелерін енгізу, магистранттардың ғылыми жарияланымдары мен ғылыми конференцияларға қатысу нәтижелері, жұмысқа тұру деңгейінің жоғарғы пайыздылығы жоғарыда аталған құзыреттіліктерге дәлел бола алады.

Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру тиімділігін бағалау төмендегі көрсеткіштерден көрінеді:

- оқу бағдарламасы практика барысында мамандықтың талаптарына жауап береді;
- оқу шаралары білім беру мазмұнына жауап береді;
- оқу материалы өзекті ғылыми пікірталастар мен кәсіби практика деңгейіне жауап береді;
- емтихан тәртібі білім беру мақсатына сай;
- оқу жетістіктерін бағалау (бітірушілерді дайындау деңгейін талдау, жұмысқа орналастыру, кәсіби мансап) жүзеге асырылады;

- оқудан шығару, қанағаттанарлықсыз баға алу жоқтығы;
- магистранттар арасында, жұмыс берушілер мен оқытушылар арасында сауалнамалар жүргізіледі;
- жас ғылыми қызметкерлерді қолдау іске асырылады;
- дінтану саласы бойынша білім беру бағдарламалары ғылыми және кәсіби жетістіктермен мазмұнды толығуда;
- эдвайзерлердің магистранттармен жұмыс жасау жүйесі жұмыс істейді.

Академиялық мәселелер бойынша кеңестер, бағыт-бағдар беру жұмыстары атқарылады.

Білім беру үдерісінің тиімділігі мен ұйымдастыру сапасын арттыру мақсатында, білімгерлердің диссертациялық жұмысты (жобаны) өз бетінше орындау дәрежесін бақылау мақсатында, сондай-ақ индивидуалдық жекеменшік құқығын сақтау мақсатында плагиатқа тексеру жұмыстары жүргізіледі.

Диссертациялық жұмыстарда (жобаларды) плагиат бар-жоғын тексеруді тиісті кафедра жүзеге асырады. Сондай-ақ кафедра магистранттардың диссертациялық жұмыстарын арнайы сараптама комиссиясын құрып сараптамадан өткізеді.

Диссертациялық жұмыстары кафедра отырысында қарау және бекіту арқылы, кафедра меңгерушісінің ұсынысы бойынша қорғауға жіберіледі.

6М020600 - Дінтану білім беру бағдарламасының білім нәтижелері модуль шеңберіндегі пәндердің, сондай-ақ, пререквизиттер мен постреквизиттер жүйесі арқылы модульдердің өзара ішінен үздіксіздігі мен бірізділігін қамтамасыз етеді.

Білім беру бағдарламасының білім нәтижелері пәндер каталогінде келтірілген құзыреттілік терминдерінде көрінеді.

Білім нәтижелерін бағалау критерийлері пәндер бойынша жасалған силлабустар мен әдістемелік нұсқаулықтарда баяндалған.

Университетте магистранттарға сауалнама жүргізу әдісі қолданылады.

Жұмыс берушілердің оң пікірлері мен соңғы бес жылдағы мемлекеттік қорытынды аттестацияның сапалы-сандық талдау нәтижелері дінтанушы мамандар мен имамдар дайындаудың жоғары деңгейін және оқу бағдарламасының тиімділігін көрсетеді.

Жыл сайын жұмыс берушілердің талаптары мен түлектердің кәсіби дайындығы сапасына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында жұмыс берушілер арасында сауалнама жүргізіледі.

ҚМДБ аумақтық өкілдіктері тарапынан ұсыныстар жасалуы мүмкін. Жалпы алғанда бағдарлама түзуде жұмыс берушілердің ұсыныстары ескерілген.

Бітірушілердің мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарын орындауға дайындығын бітіруші емтихандарының жоғары көрсеткіші, диссертация жұмыстарын қорғауы, іс-тәжірибе жетекшілерінің, диссертация жұмысына пікір берушілердің оң пікірі, мемлекеттік аттестациялық комиссия төрағаларының қорытындылары көрсетеді.

Жұмыс берушілермен жүргізілген сауалнама БББ қазіргі заманғы білім беру талаптарына сәйкес екенін көрсетеді. 92% жұмыс берушілер мамандықтың БББ түлектерінің жоғары сұраныска ие екенін атап өтті.

«Диссертациядан кейінгі сүйемелдеудің» (верификация кезеңі) сапасын жақсарту мақсатында бітірушілермен және жұмыс берушілермен ынтымақтастықтың тиімді әдістері іздестіріледі, жетілдіріліп отырады. Университет жыл сайын мамандықтың жарнамалық-ақпараттық парақшасын шығарады. Кәсіби бағдарлық жұмысқа БББ туралы жоғары оқу орындары талапкерлерін, оның бәсекелестік мүмкіндіктерін, еңбек нарығында түлектердің қажеттілігі, түрлі аймақтардың талапкерлерімен сапарлық кездесулер, ашық есік күндері шегінде жарнамалық жұмыстар жүргізуді ақпараттандыру кіреді. Университетіміздің білімгерлері мен түлектері үшін жұмыс беруші ұйымдардан маман даярлау сапасына қатысты пікірлерін білу мақсатында «Жұмыс берушілердің түлектердің дайындық сапасына қанағаттанушылық» сауалнамасы жүргізіліп тұрады.

Магистранттың жоғары білім берудің оқу кезеңіндегі және одан кейінгі білім беру сатысындағы біліктілік пен формальді емес және бейресми оқытудың маңыздылығын тануы оқу үлгерімін, сонымен қатар академиялық ұтқырлықты қамтамасыз етудің құрамдас бөлігі болып табылады:

- тану туралы Лиссабон Конвенциясына сәйкес институционалдық тану тәжірибесіне;
- тұтас мемлекетте келісілген тануды қамтамасыз ету мақсатында сапаны қамтамасыз ету бойынша басқа мекемелермен, агенттіктермен және ENIC/NARIC ұлттық орталықтарымен ынтымақтастыққа негізделген.

Білім беру бағдарламаларының оқу шарттары, талаптары, сонымен қатар, болашақта жұмысқа орналасу мүмкіндіктері сипатталған, талапкерлер үшін қолжетімді, ашық, нақты критерийлер негізінде ЖОО-ға қабылдау жүргізіледі. Білім беру бағдарламалары бойынша білім алуға білімгерлерді қабылдаудың тұрақтылығын қамтамасыз ететін мүмкіндіктер қарастырылған.

Университет біліктілікті тану және академиялық ұтқырлық мәселелесі бойынша бірнеше елдердің жоғары білім беру ұйымдарымен келісім-шартқа отырған.

***Дәлелдеме:***

Жұмыс жүктемесін, жауапкершілігін, оқытушылық деңгейін көтеруді бекітетін құжаттамалар.

Білім беру нәтижелерін айқындау мақсатында жүргізілген сауалнамалар нәтижелері.

Қазіргі заманауи оқу үрдісін жүзеге асыру бағдарламары мен оларға білім алушылардың қол жетімділігі.

***Жағымды тәжірибелер:***

Элективті пәндер каталогын құрастыруда жұмыс берушілердің ұсыныстары назарға алынған.

***Жақсарту шаралары:***

ЖОО-на оқу әдістемелік кешендер мен олардың құрылымы мен мазмұнын қайта қарастыру, қажетті бөлімдермен толықтырылу ұсынылады.

**5 Стандарт – Профессор-оқытушылар құрамы**

***Талдау мен дәлелдер:***

Дінтану кафедрасының кадрлық саясатының басты мақсаты - профессорлық–оқытушылық құрамның кәсіби және тұлғалық дамуына жағдай жасау. Бұған барлық мұғалімдердің біліктілігін арттыруға бағытталған толыққанды жүйені қалыптастыру, қызметкерлердің әлеуметтік қорғанысын қамтамасыз ету мен университетте жағымды әлеуметтік ортаны дамытуға бағытталған кешенді шаралар жиынтығын дамыту әсер етеді. Магистранттармен жұмыс істеу негізінде олармен және түлектермен ұзақ мерзімде әрекеттесу принципі жатыр.

Университеттің кадр саясаты профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің құрамының сапалы болуына, оларды үйретуге және университеттің миссиясының білім беру бағдарламасын жүзеге асыру барысында әлеуметтік қолдау көрсетуге бағытталған. Жоғары сапалы профессор-оқытушылар құрамын құру басты бағыттардың бірі ретінде университеттің 2017-2020 жж. арналған «Стратегиялық даму» жоспарында атап көрсетілген. Университеттің профессор-оқытушылар құрамына және қызметкерлерге қатысты университеттің кадр бөлімі саясаты жұмысқа қабылдау, қызметте жоғарылау, марапаттау, қысқарту, жұмыстан босату туралы құқықтары мен міндеттері мен қызметтік нұсқаулармен таныстыруда ҚР Еңбек кодексін, ҚР «Білім туралы» заңымен (2007 жылы енгізілген өзгерістер мен толықтырулар), «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары» туралы ҚР БҒМ 2009 ж. 13 шілдедегі № 338 бұйрығын және ішкі нормативтік құжаттарды (университет Уставы, «Ішкі тәртіп ережесі, «Конкурстық комиссия Ережесі» және профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлермен Еңбек шарты) сияқты құжаттарды басшылыққа алған.

Университет мерзімі біткен профессор-оқытушылар құрамы мен кафедра меңгерушілігінің қызметіне және бос орындарға конкурс жариялап отырады. ПОҚ ны конкурстан өткізу ҚР Үкіметінің 2012 ж. 17 ақпан № 230 (2015 жылы 25 тамыз № 661 қаулымен күшін жойған) «Жоғары оқу орындарындағы кафедра меңгерушілерін, профессор-оқытушылар құрамын конкурстан өткізу» туралы қаулысымен, «Жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамын және ғылыми қызметкерлерді конкурстан өткізудің Ережелерін бекіту туралы» құжаттар арқылы жүзеге асырылады. Конкурстық комиссияның құрамы туралы хабарландыру «Срочно требуется» деген газетте жарияланады. Кафедра меңгерушілері мен профессор-оқытушылар құрамына кандидаттарды университеттің конкурстық комиссиясы таңдайды. Мысалы, 2017 жылы конкурстық негізде философия ғылымының докторы, проф.міндетін атқарушы Қ.А.Затов қабылданған.

2017/2018 оқу жылының білім беру бағдарламасына базалық және кәсіби (бейіндік) пәндер бойынша 100 пайыз штаттағы оқытушылар тартылды. Олардың саны – 15. Олардың ішінде қауымдастырылған профессор – 2; PhD доктор -5; ғылым докторлары – 2; ғылым кандидаттары – 5; Штаттан тыс ғылым докторы – 1.

2017/2018 оқу жылы штаттағы оқытушылар саны ПОҚ жалпы санының 91,6 пайызын құрайды. Соңғы 5 жыл ішінде кафедраның ПОҚ сандық-сапалық көрсеткіштері өсті, сондай-ақ ҚР үкіметінің 2013 жылғы 28 ақпандағы «Білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» № 195 бұйрығына сәйкес.

Жоғары кәсіптік білімнің оқу орындарындағы штаттағы оқытушылардың педагогикалық жүктемесінің көлемі атқаратын қызметіне, ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағына қарамастан 36 сағаттық жұмыс аптасымен есептелінеді. Осыған байланысты жоғарыда айтылған әрекеттердің барлығы әрбір штаттағы оқытушылар үшін міндетті болып табылады және накты жұмысты жоспарлау мен есептеу үшін уақыт мөлшерімен сәйкес анықталады. ПОҚ педагогикалық жүктемесін жоспарлау, дәрісханалық (дәрісханадан тыс) оқу сабақтарында сабақ кестесі бойынша магистранттармен оқытушылардың накты жұмыс уақытын көрсететін немесе оқу жұмысының басқа түрлері үшін жеке бекітілген кесте бойынша кредитпен немесе академиялық сағатпен жүзеге асады.

Университет ПОҚ оқу жұмысын жүзеге асыратын оқу, ғылыми, тәрбие жұмыстарының арасындағы қажетті баланстың сақталуын қамтамасыз етеді. Баланс оқу жүктемесі мен ғылыми жұмысқа бөлінген уақыттың тепе-теңдігін сақтау дегенді білдіреді. Апта сайын ғылыми жұмысқа кітапханада немесе кафедрада отырып жұмыс істеу үшін бірнеше сағат бөлінеді. Жүктеме мен сабақ кестесін жасауда әкімшілік сабақ өткізу, кураторлық жұмыстар жүргізудің арасында балансты қамтамасыз етуге тырысады, осылайша ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік жұмыспен шұғылдануға мүмкіндік беріледі.

Кафедраның ПОҚ оқу процесін жетілдіруге, оның модульдігіне, білім беру мақсатын жүзеге асыруға, оқудың тиімділігін арттыруға ұдайы қатысып отырады. Кафедра оқытушылары оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін белсенді түрде ат салысады. Жыл сайын оқу бағдарламалары, оқу-әдістемелік кешендері қарастырылып, жаңартылып отырады. 2014/2015 оқу жылынан бастап бакалавриат бойынша оқу жоспары модульдік жүйеге көшті. ПОӘК формасы 40-50 пайызға жаңарған.

Университеттің ПОҚ ҚР Еңбек кодексінің 233 пунктіне сәйкес әрбір бес жыл сайын аттестаттаудан өткізіліп отырады. Аттестаттау барысында оқытушылардың біліктілік дәрежесі, кәсіби деңгейі және іскерлік қабілеті айқындалады. Университетте ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2010 жылғы 22 қаңтардағы «Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесі туралы» № 16 бұйрығына (07.08.2013 № 323 бұйрығы бойынша күшін жойды және

осы бұйрық 2013 ж. қарашадан бастап күшіне енді) сәйкес университеттің ректорының бұйрығымен аттестациялық комиссия құрылады.

Кафедрада профессор оқытушылар құрамының сабаққа өзара қатысуы және кафедра меңгерушісінің бақылау негізінде қатысуы қалыптасқан, ол арнайы журналға жазылып отырады. Жүргізілетін сабақтың сапасын бақылау мақсатында жыл сайын оқытудың заманауи технологияларын пайдалану түрі дайындалады және ашық сабақтарды жүргізу жоспары орындалып отырады.

Жыл сайын профессор оқытушылар құрамының біліктілігін арттыруға көп көңіл бөлінеді. Оқытушылар жыл сайын өздерінің біліктіліктерін арттыруын қысқа мерзімді семинарлар, біліктілікті көтеру курстары, Қазақстан Республикасы және шет елдердегі жоғарғы білім беру орталықтарында орындайды.

Педагогикалық кадрлардың ғылыми деңгейінің көрсеткішінде өсу байқалады. Осы мақсатқа сай кафедраның барлық оқытушылары ҚР БҒМ «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығының «Жаңа инновациялық технологиялармен оқыту және сыни тұрғыдан ойлауға үйрету» деген тақырып бойынша біліктіліктерін арттыру үшін 72 сағаттық көлемдегі курсына қатысқан. Университет басшылары өздерінің тарапынан ПОҚ мен қызметкерлерді алғыс хаттармен, сиақылармен марапаттап, әлеуметтік көмектер де көрсетіп отырады. Сонымен қатар басшылық ПОҚ айтулы даталар мен мемлекеттік мерекелердің құрметіне сиақылар беріп, қалалық, облыстық әкімшіліктер тарапынан марапаттар алуға мүмкіндік жасайды.

Дінтану БББ ПОҚ ғылыми рейтингін көтерудің тиімді тәсілі ретінде халықаралық рейтінгісі бар журналдарда мақалалар жариялап тұрады.

Дінтану БББ дәрс жүргізетін ПОҚ-ның Скопус базасындағы Хирша индексі:

| № | Т.А.Ә | Хирша-индекс | сілтеме |
|---|---|---|---|
| 1 | Ержан Қалмахан Сейтұлы | 1 | https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57190438464 |
| 2 | Әділбаев Алау Шайқымұлы | 1 | https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56820288900 |
| 3 | Төлегенова Әлия Аманкелдіқызы | 1 | https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=55953738300 |
| 4 | Құрманбаев Қайрат | 1 | https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56820147500 |

Интерактивтік оқыту технологиясы – бұл ұжымдық, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген оқыту процесін ұйымдастыру. Оқу процесі барысында кафедра оқытушылары магистранттардың белсенділігін аттыру мақсатында интерактивті оқыту әдістемесін қолданады.

Оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды пайдаланып, жаңа әдіс-тәілдерді қолдана отырып, магистранттардің ерекшеліктерін ескеріп, шығармашылық тапсырмалар беру арқылы шығармашыл, сындарлы ойлай

білетін, проблеманы өз бетінше шешуге және бәсекеге қабілетті магистрант дайындау – басты міндеттердің бірі ретінде қойылған.

БББ бағдарламасын жүзеге асыру, сапасын арттыру мақсатында Мысыр елінен келген білікті мамандар Дінтану БББ магистранттарына дәрістер береді. Шетелден келген ПОҚ және оның жүргізген пәні туралы мәлімет төменде келтірілген:

| № | ТАӘ | Жүргізген пәні |
|---|---|---|
| 1 | Дыя Хамад. | «Араб дереккөздері» 1-курс магистратура. 2 кредит |
| 2 | Дыя Хамад | «Дінтану бойынша арабша мәтіндер». 1-курс маг. 1 кредит |
| 3 | Саид Хасан | «Дінтану бойынша арабша мәтіндер». 1-курс маг. 1 кредит |
| 4 | Мухаммед Амин Мадих | «Тажуид» |

Университетке келген отандық және шетелдік маман ғалымдар дәріс жүргізіп тұрады. Бұл оқытушылар мен магистранттардің білімін одан әрі жетілдірумен қатар сабаққа деген ынтасын арттырады.

2017 жылдың наурыз айында Египет Араб Республикасының Конституциялық Жоғарғы Сотының Төрағасы Абделуахаб Абделрази, ЕАР-ның Конституциялық Жоғарғы Сотының Төрағасының орынбасары Адил Омар Шариф, ЕАР-ның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Хайсам Салах Камел және Алматы қалалық сотының Төрағасы Ештай Жайлауханұлы дәріс оқыды (https://nmu.kz/kk/news/nur-mubarakka-mysyrdyn-konstitutsiyalyk-zhogargy-sotynyn-toragasy-arnajy-at-basyn-tiredi/).

***Дәлелдеме:***

ПОҚ жеке жұмыс жоспарлары, жұмыс жүктемесі және біліктілік арттыру жұмыстарына қатысты құжаттар.

ПОҚ құрамының түйіндемелері, ғылыми дәрежелері мен біліктіліктеріне қатысты құжаттамалар мен мәліметтер.

Білім алушылардың оқытушылардың білім беру деңгейі мен сапасына қатысты сауалнамаларының қорытындылары (сауалнамалар нәтижелері, ашық сабақтар, өзара дәріске қатысу

***Жағымды тәжірибелер:***

Қызметкерлер мен оқытушылар құрамының шет-елдерде тағылымдамадан өту мүмкіншілігі жоғары. Шет-елдік ЖОО мен келісімдер жеткілікті жасалған.

***Жақсарту шаралары:***

Білікті ұстаздардың мен жас мамандар арасында өзара тәжірибе алмасу үрдісін қалыптастыру бойынша талаптарды қарастырып, оның тиімділігі мен нәтижелері бойынша мазмұнын жетілдіру қажет.

## 6 Стандарт- Оқу ресурстары және студентерді қолдау

***Талдау мен дәлелдер:***

Білім беру бағдарламасының мақсаттарына жету үшін 6М020600 - Дінтану мамандығын шығаратын Дінтану кафедрасына тиесілі аудиториялар, лингивистикалық кабинеттер, электрондық залдар нормалық ережелерге сәйкес жабдықталған.

6М020600 - Дінтану БББ магистранттары мен ПОҚ университеттің құрамына төмендегі құрылымдардан тұратын материалды-техникалық базасы қызмет етеді: 2 оқу ғимараты, оқу аудиториялары, арнайы мамандандырылған оқу кабинеттері, кітапханалар, электронды оқу залдары,компьютерлік сыныптар, асхана мен буфеттер, медициналық пункттер, спортзалдар. Өзін-өзі бағалау есебіндегі 6.1, 6.3 кестелерде БББ-ның материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі туралы мәліметтер келтірілген.

БББ-ларын жүзеге асыру үшін университетте кітапханалық-ақпараттық жүйе құрылған. Кітапхана қоры ақпараттық ресурстардың құрамдас бөлігі бола отырып, оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен, сондай-ақ заңнамалық және нормативтік құқықтық құжаттармен, әрбір білім алушылардың ақпараттық білім беру ресурстарына қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Оқу-әдістемелік әдебиеттерге оқу-әдістемелік құралдар, әдістемелік құралдар, дидактикалық, көрнекілік құралдар, оқу-әдістемелік нұсқаулар, әдістемелік нұсқаулықтар немесе оқу пәндеріне ұсынымдар, дипломдық және басқа да жазба жұмыс түрлерін орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар, анықтамалық құралдар мен оқу пәндері бойынша басылымдар жатады.

Кітапхананың барлық құрылымдық бөлімшелері қажетті кітапханалық құрал-жабдықтармен және жиһазбен, компьютерлік және көшіру-көбейту техникасымен жабдықталған. Жаңа технологияларды енгізу үшін және ақпараттық ресурстарға қол жеткізуде кітапхананың электронды оқу залында 18 компьютер бар. Сонымен қатар, кітапханалық жұмысты жүзеге асыру үшін 7 компьютер, 6 принтер, 4 ксерокс бөлінген.

2017-2018 оқу жылында оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету контингенттің бір магистрантына 140,5 бірлікті құрады. Оның ішінде мемлекеттік тілде оқитын магистрлердің қамтылуы 151,7 бірлікке тең.

Университет 5 оқу жылына «Шет тілдер және іскерлік карьера» университеті; «ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы»; «Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті»; «Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті»; «Ғылым ордасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны»; «Р.Б. Сүлейменов атындағы шығыстану институты», «РМЭБ», «Үшқоңыр медресе-колледжі» кітапханаларыменен жасалған келісімшарттарға сәйкес осы кітапханалардың ресурстарын магистранттар мен оқытушылар пайдалана алады.

Оқырмандарға 2 жерден кітап беретін кітапханалық қызмет көрсететін оқу залында 87 орын бар, сондай-ақ 42 орындық электронды залда жүзеге асырылады. Пайдаланушыларға электрондық оқу залының электронды және

магнитті тасығыштарда (компакт-дискілер, аудио және бейне кассеталар) энциклопедиялар, сөздіктер, анықтамалықтар, электронды оқулықтар мен оқу құралдары, оқыту бағдарламалары көру қарастырылған.

Университеттің электронды және оқу залы мамандық бойынша қажетті оқу құралдармен жеткілікті мөлшерде қамтылған. Сондай-ақ, қазақ және араб тілдеріндегі Құран кітабы. 6М021500 «Дінтану» Білім беру бағдарламасының ерекшелігіне байланысты мерзімді басылымдар мен оқулықтарды тұрақты жаңарып тұруын қажет етеді.

Білім алушы магистрлердің ақпараттық ресурстарға деген мүмкіндігі мол. Университетте 130 компьютер, 2 компьютер класы, оларда 40 компьютер бар.

2011 жылдан бастап университетте заманауи мультимедиалық құрылғылармен, лингофондармен, компьютерлік техникалық жабдықтармен жабдықталған 20 орындық, 1 лингвистикалық класс жұмыс жасайды. Жылдамдығы 100 МБит/с. Интернет жүйесіне қосылған. Университетте біртұтас есептеу жүйесі жұмыс істейді. Қазіргі кезде интернетпен 2 оқу корпусы, 1 жатақхана, қамтамасыз етілген. Университетте оптикалық – талшықты байланыс желісі тартылған. Соған байланысты мәліметтердің берілу жылдамдығы 16 Мбит/с-дан 50 Мбит/с-ға артты. Университеттің барлық корпустары сол жүйеге қосылған. Университетте заманауи техникамен (компьютерлермен, сканерлермен, принтерлермен) жабдықталған екі электронды зал жұмыс істейді.

Барлық білім беру бағдарламалары бойынша магистранттар мен оқытушыларды (мысалы, Web-сайт негізінде) ақпараттық қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесі бар: магистранттарға, профессор-оқытушыларға және қызметкерлерге ыңғайлы орындарда интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін Wi-Fi аумағы бар. ЖОО-ның заманауи электронды базасының деректеріне, оның ішінде шетелдік деректер базасына (Scopus, Tomson Reuters және т.б.) магистрлердің қолжетімділігін қолдау мәселесі шешілген.

Сонымен қатар, университет оқытушылары, магистранттары республикалық жоғары оқу орындары арасындағы электрондық кітапхананың және 2016 жылы университет пен Thomson Reuters компаниясы арасында жасалған келісімшартқа сай Web of Science ақпараттық ресурстарын пайдаланады.

Білім беру бағдарламасы аясында материалдық-техникалық базаны кеңейту, жаңарту және жетілдіру бағытында лицензиялау талабына сай тиісті шаралар жүзеге асырылып отырады. Жыл сайын оқу ғимараттарына, жатақханаларға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Университеттің қаржы саясаты білім беру бағдарламасына, оқу үдерісінің сапасына негізделген. Университеттің тұрақты қаржы басқаруы бар және толықтай оқу үдерісін қамтамасыз етеді. Осылайша, университет білім беру бағдарламасында іске асырылатын жеткілікті және талаптарға сәйкес оқу үрдісін ұйымдастыруда пайдаланылатын ресурстарды кепіл етеді.

Университетте үлгерімінде кемшіліктері бар білім алушыларға арналған көмек көрсету жүйесі жұмыс атқаруда. Мысалы, дәлелді себепке байланысты шептік және қорытынды бақылаудан өтпеген магистранттарға, оны өтеуге дербес мерзімі беріледі. Емтиханның дербес кестесін ауруын растайтын, босануына байланысты т.б. кредиттік технологиясы қарастырған ережелеріне, университеттің ішкі ережесіне сәйкес өтеуге рұқсат етіледі.

Курс бағдарламасын толық атқарған, бірақ курстан курсқа көшіру балын жинай алмаған білім алушыға, жазғы семестрде пәндерді ақылы негізде қайта оқып қорытынды емтихандарды тапсыруға мүмкіндік беріледі.

Университет басшылығы әлеуметтік жағынан аз қорғалған магистранттарға материалдық қолдау көрсетуге ерекше назар аударады. Университетте осындай санаттағы магистрлердің төлем ақысына жеңілдіктер қарастыру бойынша әлеуметтік комиссия құрылған.

Материалдық-техникалық базаның үнемі жаңартылуы және ресурстармен қамтамасыз ету университеттің негізгі стратегиялық бағыттарының бірі. Бұл университеттің 2014-2017 жж. арналған Стратегиялық даму жоспарында мақсаттар, индикаторлар, күтілетін нәтижелер ретінде келтірілген. Мысалы, жоспарланған жаңа оқу ғимаратының құрылысы аяқталып, іске қосылды.

Университеттің қаржылық саясаты қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, шығындарды оңтайландыруға, БББ сапасын арттыруға, қызметкерлердің жағдайын жақсартуға бағытталған.

Даму жоспарын құрастыруда негізгі басымдық білім алушылардың контингенті болып табылады, оның негізінде университетке қаражат түсуі анықталады. Бюджеттік және бюджеттік емес қаржыландырудың негізгі үлесі келісімшарт негізінде оқитын магистранттар контингентінен тұрады.

Даму жоспарының кіріс бөлігі негізгі білім беру және басқа да әрекеттердің қаржы кірісінен қалыптасады. Шығысты жабу үшін арналған кірістің жоспарланған көлемі магистранттар контингентін жинау жоспары негізінде есептеледі. Қосалқыларды сатып алуға арналған шығыстар, негізгі құралдар және т.б. университет нысандар мен кітапхана қорын толықтыру үшін жабдықтарды, компьютерлік техниканы сатып алу, зертханалық жабдықтар, бойынша шоғырландырылған сұраныстың есептеу негізінде қалыптасқан және көрсетілген.

Білім беру бағдарламасы аясында материалдық-техникалық базаны кеңейту, жаңарту және жетілдіру бағытында лицензиялау талабына сай тиісті шаралар жүзеге асырылып отырады. Жыл сайын оқу ғимараттарына, жатақханаларға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

***Дәлелдеме:***

Сыртқы аудит барысында білім беру корпусы, аудиториялар, оқу залдары мен әдістемелік кабинеттер, жатақханалар қаралды.

Кітапхана, электронды оқу залын қарау барысында ондағы кітап қорының білім беру бағытына сәйкестілігі тексерілді.

Мерзімді басылымдар мен Web-сайт, кітапхананың электронды каталогының, компютерлердің техникалық талаптар мен білім бағдарламасына сәйкестілігіна назар аударылды.

***Жағымды тәжірибелер:***

Ауқымды кітапхана қорына ие, шет тіліндегі (араб тілі) әдебиеттер үлесі басым. Араб тілін оқытуға қатысты электронды оқу құралдары заманауи техникалық мүмкіндіктерге ие.

***Жақсарту шаралары:***

Білім бағдарламасын сапалы жүзеге асыру бағытында жаңа әдебиеттер қатарын көбейту қажет.

## 7 стандарт - Жұртшылықты ақпараттандыру

***Талдау мен дәлелдер:***

Қазіргі уақытта ашықтық және қоғамның университет қызметі жөнінен ақпараттандырылуы заманауи әлемдік білімі беру кеңістігіндегі сапалы біліммен қамтамасыз етудің басты аспектісі болып табылады. Сондықтан, НҰР-МҮБАРАК ЕИМУ басшылығы қоғамды ақпараттандыру процесін 2014-2017, 2017-2020 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында қойылған миссия, мақсат, сапа саясаты және міндеттерін іске асырудың маңызды ресурсы деп біледі.

Процесс мақсаты - білім, ғылым, тәрбие, спорт жетістіктері, коммерциялық және қоғамның қызметтер саласындағы университет қызметінің түрлі бағыттары бойынша атқарылған жұмыстарынан ішкі және сыртқы қоғамдық ақпараттандыру арқылы университеттің жағымды имиджін қалыптастыру.

Процесті іске асыру барысында университет қоғамды қабылдау жөніндегі өзекті, обьективті, сандық және сапалық ақпараттармен, қолданыстағы бағдарламалармен және одан күтілетін нәтижелермен, берілетін біліктілік, оқыту деңгейі, оқытумен бағалау процедурасы және магистранттердің білім алудағы мүмкіндіктері, түлектердің жетістіктері мен жұмысқа орналасуы жайлы мәселелерден уақтылы хабардар етіп отыруы тиіс.

Қоғамды ақпараттандыру процесінің іске асырылуына университеттің баспасөз қызметі жауапты және ректорат, қабылдау комиссиясы, оқу бөлімі, тіркеу бөлімі, кафедралар, жастар комитеті, т.с.с. университеттің құрылымдары қатысады.

Университет сайтында 6М020600 - Дінтану БББ мынадай ақпараттар қарастырылған: университеттің білім беру мекемесі ретіндегі жалпы ақпараты; білім беру бағдарламалары мен бағдарламалар бойынша күтілетін нәтижелер жайлы ақпараттық материалдар, оқу формалары жайлы, университетке оқуға түсу жайлы ережелер; оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша материалдар; университеттің халықаралық қарым-қатынастары жайлы материалдар; университеттің түрлі құрылымдық бөлімдерінің,

орталықтарының, кафедраларының әрекет ету саласы бойынша тақырыптық материалдарды таңдауға мүмкіндік; университеттің ағымды өміріндегі жайттар, университетте өткізілген іс-шаралар жайлы материалдар (www.nmu.kz) сайтында көрсетіледі. Дегенмен сайттың шет тілдерінде нұсқалары әзірленбеген.

Білім беру бағдарламаларының дайындық деңгейлері жайлы толыққанды ақпарат университеттің сайтында берілген. Дайындықтың барлық деңгейлерінің бөлімдері ортақ құрылым бойынша жасалған:

- магистратураға білім беру бағдарламалары;
- университетке оқуға түсу шарттары;
- оқу ақысын төлеу шарттары.

Әрбір білім беру бағдарламасы үшін оның егжей-тегжейлі сипаттамасы көрсетілген бет жасалған. «Талапкер» бетінде талапкерлер мен олардың ата-аналары үшін баланың оқуға түсуіне қажетті құжаттар тізімі берілген. Сондай-ақ осы бетте жоғары білімнің кәсіби оқу бағдарламасын жүзеге асыратын оқуға қабылдаудың типтік ережелері де берілген. «Оқу үдерісі» бетінде Platonus ақпараттық жүйесіне сілтеме, семестрлік ранжирлеу қорытындысы, куратор-эдвайзерлер туралы ереже берілген. Platonus ақпараттық жүйесінде әрбір магистранттың бүкіл оқу кезеңі барысындағы үдерісі жайлы толық ақпарат берілген. Барлық пәндер бойынша үлгерім жайлы есеп жүргізіледі, GPA, бұйрықтар мен жарнамалар жарияланады. Сондай-ақ әрбір магистрант, қызметкер және оқытушы жайлы ақпарат ұсынылған. Порталдағы ақпарат үнемі жаңартылып отырады (www.edu.nmu.kz).

Университет порталы түрлі басылымдарды орналастыруға, жалпы білім беру бағдарламасын жүзеге асыру сайтының қонақтарының ұсыныстарын жариялауға мүмкіндік береді. Қызығушылық танытқан тұлғалардың ұсыныстарын қарастыру әдістерінің бірі ретінде тікелей университет сайтының басты парақшасындағы жоғары оқу орнының басшысының жеке блогына жазу болып табылады.

***Жағымды тәжірибелер:*** Университет басшылығының білім алушылармен тығыз, қолжетімді жұмыс атқарып жатуы.

***Ескерту:***

Университет сайтында шет тілдерде мәліметтер аз.

***Жақсарту шаралары:***

Университет сайтының шет тілдерінде (араб, орыс, ағылшын) нұсқаларын жетілдіру қажет.

## *3-ШІ ТАРАУ*

## *ҚОРЫТЫНДЫ*

Жалпылама білім беру бағдарламасының талаптары орындалғанымен білім беру стандарттары бойынша төмендегідей ескертулер мен ұсыныстар беріледі.

**Стандарт 1 - Білім беру бағдарламасының мақсаттары және сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат - аздаған ескертулермен сәйкестендірілген**

***Ескерту:***

БББ мақсатын дінтанушы біліктілігіне қарай бұру қажет. Негізінен исламтанулық сипат басым.

***Жақсарту шаралары:***

Білім беру бағдарламасының тиімділігін арттыру үшін элективті пәндер каталогын жасау кезінде Профессорлық-оқытушылық құрамының біліктілік бағытына байланысты сұранысқа ие пәндерді енгізу.

**Стандарт 2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару - аздаған ескертулермен сәйкестендірілген**

***Ескерту:***

Бакалавр және магистратура пәндерінің деңгейлерін қайта қарастыру қажет, кейбір пәндер қайталау тудырады.

***Жақсарту шаралары:***

Тақырып базасы мен таңдалған тақырыптар сәйкестілігін көтеру қажет, өйткені диссертациялық жұмыстардың басым көпшілігі кафедрадағы тақырыптар базасынан емес.

Әдістемелік кеңес жұмысында пәннің оқу-әдістемелік кешен құрылымын бекіту және оқытушылардың толық орындауын қамтамасыз ету. Платонуста жүктелген ОӘК дердің талаптарын бірізділендіру.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету бөлімдерінің жұмысын жетілдіру қажет.

**Стандарт 3 - Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау – аздаған ескертулермен сәйкестендірілген**

***Ескерту***:

Білім алушылардың іс-тәжірибелік жұмыстарының құжаттары талапқа сай рәсімделмеген.

***Жақсарту шаралары:***

Практикалық құжаттар бойынша міндетті құжатарды толықтыру және мазмұнын әдістемелік кеңес отырысында бекіту.

**Стандарт 4 - Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау - сәйкес**

***Жақсарту шаралары:***

ЖОО-на оқу әдістемелік кешендер мен олардың құрылымы мен мазмұнын қайта қарастыру, қажетті бөлімдермен толықтырылу ұсынылады.

**Стандарт 5 – Профессор - оқытушы құрамы - сәйкес**

***Жақсарту шаралары:***

Білікті ұстаздардың мен жас мамандар арасында өзара тәжірибе алмасу үрдісін қалыптастыру бойынша талаптарды қарастырып, оның тиімділігі мен нәтижелері бойынша мазмұнын жетілдіру қажет.

**Стандарт 6 - Оқу ресурстары және студенттерді қолдау - сәйкес**

***Жақсарту шаралары:***

Білім бағдарламасын сапалы жүзеге асыру бағытында жаңа әдебиеттер қатарын көбейту қажет.

**Стандарт 7 - Жұртшылықты ақпараттандыру - аздаған ескертулермен сәйкестендірілген**

***Ескерту:***

Университет сайтында шет тілдерде мәліметтер аз.

***Жақсарту шаралары:***

Университет сайтының шет тілдерінде (араб, орыс, ағылшын) нұсқаларын жетілдіру қажет.

*Тіркеме1*

## Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университетінде 14-15 мамыр 2018 жылы мамандандарылған (бағдарламалық) аккредитация бойынша жүргізілетін НКАОКО сараптама тобының сыртқы аудит бағдарламасы

| Уақыты | Іс шара | Қатысушылар | Өткізілетін орны |
|---|---|---|---|
| 13.05.2018 ж. Кесте бойынша | Сараптамалық топ мүшелерінің келуі | Б, СТ, К | Алматы қ., Қабанбай батыр көш., 85. «Алматы» қонақүйі. |
| **1 күн : 14.05.2018 жыл** | | | |
| 8:30-9:00 | ЖОО келу | Б, СТ, К | |
| 9:00-10:00 | Сарапшылардың жұмыс кабинеттеріне орналасуы, кіріспе жиналыс | Б, СТ, К | 3-қабат 308-кабинет |
| 10:00-10:30 | Университет ректорымен сұхбаттасу | Б, СТ, К, ректор | Ректор кабинеті |
| 10:30-11:15 | Университет проректорымен сұхбаттасу | Б, СТ, К, проректор | Проректор кабинеті |
| 11:15-11:30 | Сараптамалық топ мүшелерімен пікір алмасу | Б, СТ, К | 3-қабат 308-кабинет |
| 11:30-12:15 | Құрылымдық бөлім басшыларымен сұхбаттасу | Б, СТ, К, құрылымдық бөлім басшылары | 3-қабат 309-кабинет |
| 12:15 – 13:00 | Білім беру бағдарламаларын жүзеге асырушы декан және кафедра меңгерушісімен сұхбаттасу | Б, СТ, К, кафедра меңгерушісі | 3-қабат 308-кабинет |
| 13:00-14:00 | Түскі ас | Б, СТ, К | Университет асханасы |
| 14:00-15:30 | Білім бағдарламаларын жүзеге асыратын кафедраларды және оған қолдау көрсететін университет бөлімдерін аралап тексеру | Б, СТ, К | Кафедра, кітапхана, Офис тіркеушісі т.б. |
| 15:30–16:15 | Аккредиттеуден өтіп жатқан бағдарламаның бакалавриат студенттерімен сұхбаттасу және анкеталық сауалнама | Б, СТ, К, студенттер | 3-қабат 309-кабинет |
| | Магистрант және докторанттардан анкеталық сауалнама жүргізу | К | 3-қабат 307-кабинет |
| 16:15–17:00 | Аккредиттеуден өтіп жатқан білім бағдарламасының магистрант, докторанттарымен сұхбаттасу | Б, СТ, К, магистрант, докторанттар | 3-қабат 309-кабинет |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Студенттермен анкеталық сауалнама жүргізу | К, студенттер | 3-қабат 307-кабинет |
| 17:00-17:10 | Сараптамалық топ мүшелерімен пікір алмасу | Б, СТ, К | 3-қабат 308-кабинет |
| 17:10-17:55 | Аккредиттеуден өтіп жатқан білім бағдарламасының кафедра ОҚ сұхбаттасу | Б, СТ, К | 3-қабат 309-кабинет |
| 17:55 -18:30 | ОҚ анкеталық сауалнама жүргізу | К, ОҚ | 3-қабат 307-кабинет |
| 17:55 – 18:00 | Сараптамалық топ мүшелерімен пікір алмасу | Б, СТ, К | 3-қабат 308-кабинет |
| 18:00-18:45 | Аккредиттеуден өтіп жатқан білім бағдарламасының жұмыс берушілерімен кездесу | Б, ЭТ, К, жұмыс берушілер | 3-қабат 309-кабинет |
| 18:45-19:30 | Аккредиттеуден өтіп жатқан білім бағдарламасының түлектерімен кездесу | Б, СТ, К, түлектер | 3-қабат 309-кабинет |
| 19:30 - 20:00 | Сараптамалық топ мүшелерімен пікір алмасу | Б, СТ, К | 3-қабат 308-кабинет |
| 20:00 | Кешкі ас | Б, СТ, К | Университет асханасы |
| 20:30 | Қонақүйге тасымалдау | Б, СТ, К | «Алматы» қонақ үйі |
| 21:00-22.00 | Келесі күнге дайындалу | Б, СТ, К | |
| **2 күн: 15.05.2018 жыл** | | | |
| 8:30-9:00 | Университет корпусына келу | Б, СТ, К | |
| 9:00-13:00 | Кафедра құжаттарын тексеру және оқу үдерісіне қатысу | Б, СТ, К | 3-қабат 308-кабинет, 1 оқу корпусы, 2 оқу корпусы |
| 13:00-14:00 | Түскі ас | Б, СТ, К | Университет асханасы |
| 14:00-17:00 | Кафедра меңгерушілері мен бөлім басшыларын іріктеп шақыру, СТ ұсыныстарымен жұмыс | Б, СТ, К | 3-қабат 308-кабинет |
| 17:00-18:00 | Басшылықпен кездесу, болжамды нәтижелерді алдын ала көрсету | Б, СТ, К, ректор, проректор | 3-қабат 308-кабинет |
| 18:00-19:00 | Кешкі ас | Б, СТ, К | Университет асханасы |
| 19.00 | Конақүйге жеткізу | Б, СТ, К | «Алматы» қонақүйі |
| | Сарапшыларды шығарып салу | | |

**Белгілер:** Сараптамалық топ басшысы – **Б**; Сараптамалық топ – **СТ**; координатор – **К**; университеттің жауапты тұлғасы – **УЖТ.**

*Тіркеме 2*

# СҰХБАТҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

## МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ЖӘНЕ ӨТКІЗУГЕ ЖАУАПТЫ ТҰЛҒА

| № | Аты-жөні | Қызметі | Ғылыми дәрежесі, атағы | телефондар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Алий Рауфович Альмухаметов | Оқу бөлімінің меңгерушісі | Ф.ғ.к., доцент | |

## УНИВЕРСИТЕТ БАСШЫЛЫҒЫ

| № | Аты-жөні | Қызметі | Ғылыми дәрежесі, атағы | телефондар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Жуда Абдулғани Басюни | Ректор | ф.ғ.д., профессор | |
| 2 | Шамшәдин Тұрсынұлы Керім | Проректор | филол.ғ.д., профессор | |

## ҚҰРЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕР БАСШЫЛЫҒЫ

| № | Аты-жөні | Қызметі | Ғылыми дәрежесі, атағы | телефондар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Азат Жаксыбаев | Офис-тіркеуші | Магистр | |
| 2 | Рахымжан Акимбеков | Аппарат жетекшісі | Магистр | |
| 3 | Біржан Ботаев | Проректордың кеңесшісі | | |
| 4 | Адам Ахмад Адам Махмуд | Аккредитация секторының меңгерушісі | PhD | |
| 5 | Шамшат Әділбаева | Рейтинг секторының меңгерушісі | PhD, қауымд.проф. | |
| 6 | Темур Маратов | Заңгер | | |
| 7 | Гүлнар Қасымбаева | Бас есепші | | |
| 8 | Қарлығаш Қайранбаева | Кадр бөлімінің меңгерушісі | Магистр | |
| 9 | Сұлтанхан Олжабаев | Әкімшілік-шаруашылық істер меңгерушісі | Магистр | |
| 10 | Қалбибі Бейісбек | Кітапхана меңгерушісі | | |
| 11 | Сәуле Тлебалдина | Аға әдіскер | Магистр | |
| 12 | Гүлім Имашова | Магистратура және доктарантура бөлімшесінің меңгерушісі | Филол.ғ.к., доцент | |
| 13 | Маржан Жолмағанбетова | Оқу-әдістемелік кеңес төрайымы | Магистр | |
| 14 | Мейрамбек Шимтемир | Дін және тәрбие бөлімінің маманы | | |
| 15 | Қанат Купешов | Диспетчер | Магистр | |
| 16 | Серік Бердібеков | Жүйелік әкімші | | |

## ФАКУЛЬТЕТ ДЕКАНЫ

| № | Аты-жөні | Қызметі | Ғылыми дәрежесі, атағы | Қай жылдан бері университетт |
|---|---|---|---|---|

| | | | | е жұмыс істейді |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ахмад аль-Амир | Декан | PhD | 2014ж. |

## КАФЕДРА МЕҢГЕРУШІЛЕРІ

| № | Аты-жөні | Қызметі | Ғылыми дәрежесі, атағы | Қай жылдан бері университетте жұмыс істейді |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Қалмахан Ержан | Дінтану кафедарсының меңгерушісі | PhD, қауымд.проф. | 2014ж |
| 2 | Гүлдархан Рысбаева | Жалпыгуманитарлық пәндері кафедарасының меңгерушісі м.а. | филол.ғ.к., доцент | 2018ж. |
| 3 | Нұрлан Анарбаев | Исламтану кафедарсының меңгерушісі | PhD доктор | 2017ж. |
| 4 | Бағдат Манабев | Араб тілі және әдебиеті кафедрасының меңгерушісі | PhD доктор | 2017ж. |

## ДІНТАНУ КАФЕДРАСЫНЫҢ ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫ ҚҰРАМЫ

| № | Аты-жөні | Қызметі, ғылыми дәрежесі, атағы | Байланыс телефондар |
|---|---|---|---|
| 1 | Әділбаев Алау Шайқымұлы | PhD, қауымд.проф. | |
| 2 | Затов Қайрат Айтбайұлы | Ф.ғ.д., проф. | |
| 3 | Хамзеева Базар | Ф.ғ.к., доц. | |
| 4 | Мейір Жұлдызай Қаржаубайқызы | Ф.ғ.к., доц. | |
| 5 | Дуйсенбаева Альбина Құрақбайқызы | PhD доц. м.а. | |
| 6 | Махмет Мұратхан | Магистр, аға оқытушы | |
| 7 | Ишмаханов Жандос Жетесович | Магистр, аға оқытушы | |
| 8 | Есімқұлов Ернар Нұрмаханбетұлы | Магистр, оқытушы | |

## БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

| № | Аты-жөні | Курсы/ GPA | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|
| 1 | Абдурахманов Рустам Рузаметович | 1/ | |
| 2 | Бектазинов Марат Далелханович | 1/ | |
| 3 | Кудайбергенов Шохан | 1/ | |
| 4 | Кулмуратова Гульмира Калмурзаевна | 1/ | |
| 5 | Қоспағар Ербол Сағиұлы | 1/ | |
| 6 | Мустафин Канат Желкыбаевич | 1/ | |
| 7 | Олжабаев Оразали Сагиндыкович | 1/ | |
| 8 | Орынбасаров Жалгас Жаксыбекович | 1/ | |
| 9 | Сатыбалдиев Асқарғали Мұхтарұлы | 1/ | |
| 10 | Серік Мағаз | 1/ | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 11 | Умбетов Сабит Максутович | 1/ | |
| 12 | Алпысбай Махсат Қайратұлы | 2/ | |
| 13 | Әбубәкірова Арайлым | 2/ | |
| 14 | Байбулатов Марат Умирзакович | 2/ | |
| 15 | Бейсенбай Сұлтан Қанатұлы | 2/ | |
| 16 | Жолдасов Хасан Айтбаевич | 2/ | |
| 17 | Илесбеков Бижан Оразалиевич | 2/ | |
| 18 | Кенесбаева Айша Амановна | 2/ | |
| 19 | Нургалиев Биржан Бауыржанович | 2/ | |
| 20 | Оспанов Медет Аубакирович | 2/ | |

## ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР ТІЗІМІ

| № | Аты-жөні | Қызметі, жұмыс орны | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|
| 1 | Алсабеков Мухаммад-Хусайн Усманұлы | ҚМДБ Муфтидің Бас кеңесшісі | |
| 2 | Сатершинов Бахытжан Менлибекович | Философия және саясаттану институты Дінтану бөлімінің меңгерушісі | |
| 3 | Есенбеков Айдар Рахимжанович | Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқарма бастығы | |
| 4 | Бекмұратов Байұзақ Орынбасарұлы | ҚМДБ Кадр бөлімінің меңгерушісі | |
| 5 | Есмағанбет Нұрбек Әуесханұлы | ҚМДБ Дін істері және талдау бөлімі | |
| 6 | Борбасова Қарлығаш Молдағалиқызы | Әл-Фараби атын. ҚазҰУ профессоры | |
| 7 | Құрманбаев Қайрат | Әбу Ханифа ғылыми зерттеу орталығының директоры | |

## ТҮЛЕКТЕР ТІЗІМІ

| № | Аты-жөні | Бітірген жылы | Оқу деңгейі | Қызметі, жұмыс орны | телефон |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Тәуекелова Салтанат | 2013 | Магистр | Нұр-Мүбарак ЕИМУ Кітапхана маманы | |
| 2 | Мурзабаев Кенжалы | 2016 | Магистр | Имамдарды даярлау институтының директоры | |
| 3 | Көптілеуов Бақытжан | 2016 | Магистр | Алматы қаласы Медина мешітінің бас имамы | |
| 4 | Мәженұлы Ермұхамет | 2012 | Бакалавр | Әл-Фараби атын. ҚазҰУ Дінтану кафедрасының оқытушысы | |
| 5 | Қоспағар Ербол | 2013 | Бакалавр | Алматы қаласында мешіт имамы | |
| 6 | Орынбаев Едіге | 2015 | Бакалавр | Нұр-Мүбарак ЕИМУ аударма бөлімінің маманы | |
| 7 | Наухан Айжан | 2017 | Бакалавр | Мектеп мұғалімі | |